

# ЕРЛІК – ЕЛГЕ ҰРАН, ҰРПАҚҚА ҮЛГІ!





# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№38-39 (2422-2423) 07/05/2019 | ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА | railnews.kz


Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИФРЫ И ФАКТЫ

**ВКЛАД КАЗАХСТАНА В ПОБЕДУ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ: СФОРМИРОВАНО 12 СТРЕЛКОВЫХ, 4 КАВАЛЕРИЙСКИЕ ДИВИЗИИ, 7 БРИГАД, 50 ПОЛКОВ; НА ФРОНТ УШЕЛ КАЖДЫЙ ПЯТЫЙ КАЗАХСТАНЕЦ, ИЗ НИХ 528 – ГЕРОИ СОВЕТСКОГО СОЮЗА, 110 ТЫСЯЧ ИМЕЮТ ОРДЕНА СЛАВЫ; ОТПРАВЛЕНО 1,5 ТЫСЯЧИ ВАГОНОВ С ОДЕЖДОЙ И ПРОДУКТАМИ; ЭВАКУИРОВАНО 220 ЗАВОДОВ И ФАБРИК; 9 ИЗ 10 ПУЛЬ ОТЛИТО В КАЗАХСТАНЕ.**

ХАБАР–ОШАР

## АЙЛЫҚ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ желісінде теміржол өткелдеріндегі жол-көлік оқиғаларының алдын алуға бағытталған «Абайлаңыз, өткел!» айлығы аяқталды. Айлық аясында жоспардан тыс 1000-нан аса теміржол өткелі тексерілгені белгілі болды.**

«Абайлаңыз, өткел!» айлығы жарияланған бір ай бойы теміржолшылар жергілікті атқарушы билік пен ішкі істер органдарының өкілдерімен бірлесе теміржол мен автожолдардың қиылысындағы өткелдердің жай-күйін тексерді.

Барлығы 1053 теміржол өткелі жоспардан тыс қаралса, соның ішінде 469 өткел күзетіледі және 584 күзетсіз өткел. Бұл ретте инертті материалдың, төсеніштің, автошлагбаумның, тосқауыл құрыл-ғының болуы, байланыс құралы жағдайының, жарықтың, қуат көзінің, дыбыстық дабылдың оңдылығына ерекше назар салынды.

Алдын алу акциясы шеңберінде өткелдер бойынша кезекшілердің лауазымдық міндеттері мен ереже талаптарын сақтауына кенеттен түнгі тексерулер ұйымдастырылды. Олармен техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау бойынша қосымша практикалық және теориялық оқытулар жүргізілді.

Айлық барысында автомобилистермен үлкен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Барлығы 200 рейд жүргізілсе, соның барысында өткелдерден өту ережесін бұзуы бойынша 10-нан астам әкімшіліктік хаттамалар толтырылды. Теміржол инфрақұрылымын кесіп өту ережесі бойынша ақпаратпен шамамен 15 мыңдай адам танысты.

*Асқар ИСАҚОВ*

БҮГІНГІ САН

## «ҚТЖ» ҰК» АҚ ЕСЕБІНДЕ БҮГІНГІ ТАҢДА

# 115

## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРІ БАР

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 74 ЖЫЛ



# КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС...

Адамзат тарихындағы ең ірі соғыстардың бірі саналатын 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы қисапсыз құрбандығымен мәлім. 93 жастағы қарт теміржолшы Жүнісбек Кәрімов (суретте) сол сұрапыл қантөгісті көзімен көрген, санаулы ғана қалған ардагерлердің бірі.

Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес үкіметі 27 млн азаматынан айырылды, оның шамамен 4101 мыңы – қазақстандықтар олардың 70 пайызы соғыс даласында мерт болып, тек 30 пайызы ғана елге аман оралған деген дерек айтылады.

Темір жол – кез келген соғыс операцияларының стратегиялық факторы ретінде маңызы зор обьект болып табылады. Кешегі екінші дүниежүзілік соғысында да теміржол көлігінің маңызы аса зор болды. Майдан мен тылды жалғап, ұрыс техникасы мен жауынгердің жедел тасымалдануы мен жабдықталуы тікелей темір жолға тәуелді болды. Кеңестер одағында соғыс жүрген сол 4 жылда әскери тасымалдар жалпы алғанда 19,7 млн вагоннан асып кеткен. Темір жолдың арқасында халық пен өндірістік кәсіпорындарды жау басып алған аудандардан ішке көшіріп, оқшаулау мүмкін болды. 1941 жылдың екінші жартысының өзінде осы мақсатқа шамамен 1,5 млн вагон тартылған. Күрделі соғыс жағдайында батыстан шығысқа 2,5 мыңнан астам өндірістік кәсіпорын, миллиондаған тонна азық-түлік пен басқа да жүктер вагондармен жеткізілген. Бірінен соң бірі жүйткіп жатқан, бірінен соң бірі жөнелтілетін әр пойыздың арасындағы интервал бар болғаны 600-700 метрді құраған екен. Ал теміржолшылар нағыз соғыс қаупінің өтінде жүрді, себебі жаудың басты нысанасы бүкіл майданның артериялық қан тамырындай тіршілік көзі болып теміржолдар мен теміржол көліктерін қирату еді.

От пен оқтың ортасында жүрсе де теміржолшылар үздіксіз тасымалды бір минут та тоқтатпай, оған қоса жау ұшақтары талқандаған станциялар мен тораптарды, локомотивтер мен вагон деполарын, көпірлер мен өзге де имараттарды қалпына келтіріп отырды.

Соғыс жылдарында кеңес елінің теміржолшылары 120 мың км жолды қалпына келтіріп, 10 мың км жуық жаңа темір жол магистральдарын салған. Сонымен қатар теміржолшылар соғыс кезінде солдаттар мен ұрыс техникасы, азық-түлік тиелген 20 миллион вагонды тасымалдауға атсалысқан. 1939-1943 жылдары қазақстандық темір жол магистралі 10 мың км құрады.

Соғыс кезінде елде қалған қариялар мен жас балалардың жанқияр еңбегімен асқан қиындықпен салынған Гурьев-Қандыағаш-Орск магистралінің Ембінің мұнай кәсіпшілігін Оралмен байланыстырған телімінің стратегиялық маңызы зор болды. 1939-1943 жылдары салынған Ақмола-Қарталы желісі Қарағандының көмірін Оңтүстік Оралға жеткізуді қамтамасыз еткен маңызды нысан болып табылады. Көксу-Текелі-Талдықорған және Атасу-Қаражал телімдері де соғыс жылдары іске қосылды. Сонымен қатар, Ұлы Отан соғысы кезеңінде Қазақ темір жолында жыл-жымалы құрам мен жол шаруашылығын жөндеу бойынша өндірістік базалар құрылып, жұмыс істеп тұрды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

ЛОГИСТИКА

# ЭКСПОРТИРУЕМ ЗЕРНО

Руководители АО «KTZ Express» провели рабочую встречу с зерновиками, отправляющими свой груз в страны Юго-Восточной Азии, Кавказа, Китай и Турцию, на которой обсуждили вопросы оптимизации экспортной логистики, совершенствования механизма сотрудничества.




**Асель ШАЙХЫНОВА**

В настоящее время большое внимание уделяется повышению качества предоставляемых казахстанским сельхозпроизводителям транспортных услуг.

Участники встречи отметили растущий спрос на перевозку зерна в контейнерах и важность эффективного выстраивания логистических процессов при организации перевозки для сокращения временных сроков и стабильного обеспечения грузоотправителей подвижным составом.

Председатель правления АО «KTZ Express» Дмитрий Абдуллаев ответил на вопросы грузоотправителей, поделился планами компании.

– Сейчас мы находимся в процессе формирования дальнейшей стратегии развития компании и ставим перед собой цель максимально ускорить и упростить технологический процесс для своего клиента от подачи заявки до доставки груза в конечную точку. Для этого стараемся активно развивать сервисные и сопутствующие услуги, разрабатываем личный кабинет, работаем над возможностью заключения электронных договоров и созданием кол-центра в режиме 24/7, – отметил он.

В ходе встречи также обсуждены вопросы установления конкурентоспособных ставок, льготных тарифных условий при привлечении новых объемов перевозок и увеличении скорости. Участники также обменялись планами развития экспорта на 2019 год.

По прогнозам, в текущем агросезоне экспорт составит примерно 9,5 миллиона тонн. В целом, около половины от всего зерна, собранного в Казахстане, республика вывозит за рубеж. При этом, по мнению аналитиков, торговые партнеры по отдельным странам с каждым годом меняются в зависимости от рыночной конъюнктуры, урожаев в странах-импортерах.

К примеру, Грузия планирует увеличить импорт казахстанской пшеницы. Этот вопрос министр экономики страны Натия Турнава обсудила с коллегами из Казахстана. Из Казахстана в Грузию зерно попадает через территорию России и Азербайджана.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

***Дорогие ветераны войны и труда! Уважаемые коллеги!***

*Примите самые искренние и теплые поздравления с Днем Победы!*

*Время все дальше уносит от нас страшные годы самой тяжелой и кровопролитной в истории человечества войны. Но подвиг людей, сумевших выстоять в самых сложных, даже нечеловеческих условиях, – вне времени!*

*В эти дни мы с особым чувством вспоминаем тех, кому обязаны своей мирной жизнью. Мы все в неоплатном долгу перед ними.*

*Поистине неоценим вклад, который внесли в приближение Дня Победы казахстанские железнодорожники. От их слаженной и оперативной работы зависели жизни миллионов людей на фронте и в тылу. Их ратный подвиг навеки останется в нашей памяти, мужество и патриотизм служит примером для молодого поколения.*

*В этот светлый праздник желаю вам, дорогие ветераны, крепкого здоровья, жизненного оптимизма, внимания близких и родных людей.*

*Пусть мир и благополучие царят в каждом доме!*

***Сауат МЫНБАЕВ,***
***председатель правления***
***АО «НК «Қазақстан темір жолы»***

МОРПОРТ

## ПЕРСПЕКТИВЫ РОСТА

**Депутаты Мажилиса Парламента РК в рамках рабочего визита ознакомились с производственными терминалами и основными показателями деятельности морского порта Актау.**

В ходе встречи с депутатами Анар Жаилгановой, Павлом Казанцевым, Айзадой Курмановой и Сакеном Утебаевым президент АО «НК «Актауский морской торговый порт» Абай Турикпенбаев провел для них ознакомительную экскурсию, рассказал о роли порта в Транскаспийском международном транспортном маршруте, перспективах и дальнейших планах, направленных на развитие контейнерной перевалки грузов через порт.

Так, он отметил, что в минувшем году перевалка грузов составила 3,5 миллиона тонн, или 108% к плану. Рост стал возможен благодаря увеличению объемов перевалки зерна почти в 1,6 раза. Зерновые терминалы работали на полную мощность и перевалили 843 тысячи тонн зерна при мощности 700 тысяч тонн.

Говоря о контейнерных грузах, Абай Турикпенбаев подчеркнул, что сейчас порт переходит на так называемые контейнерные линии: когда корабль полностью загружен только контейнерами. Первый контейнеровоз запущен в апреле. На нем товары из Китая, которые были доставлены с Хоргоса в Актау, отправятся в порт Баку, а далее в Турцию и Европу. Возможности порта составляют порядка 40 тысяч контейнеров в год, а к 2023 году здесь рассчитывают получать уже 300 тысяч контейнеров.

– Основной задачей порта является развитие контейнерной логистики и привлечение больших международных компаний и логистических цепочек, которые проходили бы через Казахстан, – сообщал ранее президент порта Актау.

Отмечая стратегическую роль Транскаспийского международного транспортного маршрута, Абай Турикпенбаев проинформировал депутатов о его главном преимуществе: скорости доставки грузов. Напомним, сегодня из Китая в Европу грузы доставляются за 15-17 дней. С этой целью и была создана ассоциация ТМТМ, в которую вошли железнодорожные администрации Казахстана, Азербайджана, Грузии, Турции, также присоединились Украина, Румыния и Польша.

*Роман ЛЮБИМОВ*

АҚПАРАТ

## МАЙДАНГЕРЛЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ



**Жеңіс күні қарсаңында семейлік теміржолшылар байырғы әріптестері, жергілікті соғыс ардагерлерінің үйлеріне арнайы бас сұғып, мерекемен құттықтады. Қарт жауынгерлерге мерекелік сый-сияпаттарын тарту етті.**

Семей байланыс және белгі беру дистанциясының бастығы Бейбіт Түменғали мен осы мекеменің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы, ардагер теміржолшы Мақсұт Көшжанов ең әуелі қарт майдангер Дмитрий Литвиненконың үйіне келді. Қарт жауынгер меймандарға есікті өзі ашып, әріптестерін қуана қарсы алды.

Өңіріне Қазақстан туы түстес көгілдір жеңіс лентасын таққан, қазақ тілінде жатық сөйлейтін қарттың денсаулығы жақсы, әлі тың екен. Мерекемен құттықтай келген теміржолшыларға соғыс даласында түскен жастық шағындағы фотосуреттерін көрсетіп, қаруластарын, өткен күндерді еске алды.

Дмитрий Лазаревич 1943 жылы 17 жасында соғысқа аттанып, жаяу әскерлер сапында батыс Еуропаны басқыншылардан тазартқан. Майдан даласында-ақ байланысшы болған жауынгер елге оралған соң да теміржол саласында қызмет атқарып, радист болып ұзақ жылдар еңбек етіпті.

Келесі кезектегі сый-сияпат ұсынылған ардагер ШЧ-29 мекемесінің байырғы теміржолшысы Кәмкетай Байыров болды. Әдеттегісінше, әріптестерін теңізші формасымен қарсы алған қарт өткен-кеткеннен қозғап, естелік әңгіме шертті. Осындай мереке күндері елеп-ескеріп, құттықтап келетін теміржол саласының басшыларына алғысын да білдірді.

– Мен теміржолға жұмысқа келген жылдары осы салада 2 мыңнан астам майдангер еңбек етуші еді. Бүгінде солардан тек екі адам ғана арамызда жүр, – деп еске алды Мақсұт Көшжанов.

*Қуан ЕРТІС, Семей*

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘРМЕҢКЕСІ

**Қазақстандағы Жастар жылы аясында Алтынкөл станциясының теміржолшылары аз қамтылған отбасыларын қолдау мақсатында «тәтті жәрмеңке» ұйымдастырды.**

Шараны станцияның кәсіподақ ұйымымен бірге жастар ісі жөніндегі кеңес өткізді.

– «Қайырымдылық жасау – өте жеңіл» ұранымен өтіп жатқан бүгінгі жәрмеңке дәстүрге айналған. Биыл біздің бастамаға қызығушылық білдірген қатысушылар саны артып отыр, – дейді Алтынкөл станциясының кадр жөніндегі инспекторы Әйгерім Мұқажанова.

Алтынкөл станциясының әкімшілік ғимаратының бірінші қабатында орналасқан жаңа ғана пісірілген дәмділер мен түрлі тағамдар көздің жауын алады. Оларды сатқаннан түскен ақша мұқтаж жандарға берілмек. Осы жолы ұйымдастырушылар 190 000 теңге жинап алыпты. Жәрмеңкеге СТЦ, Алтынкөл станциясының басқару аппаратының теміржолшылары, пойыз қабылдаушылар, тауарлық кеңсе және табыстау кеңсесінің, актілік-шағым бөлімінің мамандары, жүк және багаж қабылдап-тапсырушылар қатысты.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## КӨКТЕМГІ СЫНАҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

**«ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ филиалы – Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Берік Ақшаловтың төрағалығымен бөлімшеде көктемгі комиссиялық тексеру жұмыстарының қорытындысы талқыланған шұғыл кеңес өтті.**

Оған жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелеріне қарасты барлық құрылымдар мен станция басшылары қатысты. Кеңестің күн тәртібінде қос бөлімшенің құрылымдарында ағымдағы жылдың 9-23 сәуір күндері аралығында жүргізілген көктемгі комиссиялық тексеру шараларының қорытындысы негізінде бірқатар басшылардың баяндамалары тыңдалды. Солардың ішінде Жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Анатолий Кимнің хабарламасында комиссиялық тексерудің барлық қорытындысы, кеткен кемшіліктер мен тиісті ұсыныстары айтылды.

– Көктемгі комиссиялық тексерудің қорытындысы бойынша жүк тасымалы бөлімшесі құрылымдары шаруашылықтары қыстан қысылмай, оңды нәтижемен шыққанын көрсетті. Осы ретте Талас, Аса, Бүгін, Весна, Жиделі, Бірлік, Шөлдала, Үшбұлақ, Тараз станциялары мен Шу пайдалану депосының жұмысын ерекше атап өтуге болады. Сондай-ақ, жіберілген кемшіліктер де жоқ емес. Айталық, Сарышаған, Мыңарал, Шу, ОП-115, Сұрым, Шоқпар, Малдыбай және Қиякты станцияларында техникалық оқыту жұмыстарын өткізу кестесі жоқ. Яғни, мұндағы жұмысшылардың техникалық дайындығы төмен деген сөз. Сондай-ақ, бақылау посты жұмысы бойынша тіпті бөлімше құрылымдарының ішінде үнемі алда жүретін Ақшолақ станциясының бұл жолы бақылау постының дайындығының жоқтығы да белгілі болды, – деген бас инженер бұдан өзге де атқарылған жұмыстар мен кемшіліктерге тоқталып, басшылықтың шара қолдануы жөнінде өз ұсынысын айтты.

Жалпы, жиында станциялардағы мәселелерден бөлек вагон, локомотив, жол, электрмен жабдықтау, сигнализация және байланыс шаруашылықтары мен еңбекті қорғау бойынша да жақсы нәтижелер мен жіберілген кемшіліктер жайы сөз болды. Дегенмен, комиссиялық кеңес отырысының қаулысымен құрылым басшыларына жауапты қызметкерлерін жіберілген кемшіліктер бойынша тәртіптік жауапкершілікке тарту жөнінде тапсырмалар берілді. Сондай-ақ, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Асқар Көккөзовқа сын-ескертпелерді белгіленген мерзімінде ретке келтірілуін, құрылымдық мекемелер басшыларының пойыздар қозғалысы мен еңбекті қорғау жөніндегі жеке нормативтерінің орындалуын қадағалау ісі жүктелді.

*Жасұлан СЕЙІЛХАНОВ, Тараз*

АРДАГЕРЛЕР

# ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ДАСТАНЫ

Ұлы Отан соғысының ардагері, қарт теміржолшы Жүнісбек Кәрімов ақсақалмен биыл Жеңістің 74 жылдығы қарсаңында тағы да кездесіп, қалжағдайын білдік.

**Райхан РАХМЕТОВА**



Осыдан үш жыл бұрын елордадағы өз үйінде жұбайымен бірге сұхбат алып, естеліктерімен бөліскен қария бүгінде 93 жасқа толса да тың екенін көріп қуанып қалдық. Тек жыл басында жұбайынан айырылып, жаны жабырқап, жалғызсырап қалған екен. Тағдыры қиын қариялардың қос ұлы болған, екеуі де ерте өмірден өтіп, немерелері бөтен болып кеткен екен. Бүгінде қария тумаса да туғандай болған балаларынан тараған немерелерінің қарауында.

Соғыстан бас-аяғы 7 жылда оралған 25 жастағы Жүнісбек болашақ жары небары 15 жастағы Ғапурамен отау құрып, екеуі 67 жыл бірге өмір сүріпті. Қан майданға 18 жасында аттанғанда, бұған дейін бірнеше баласы шетінеп барып көрген жалғыз тұяғы Жүнісбегін енді көремін бе, жоқ па деп құса болған әкесі 3 айда күйігі ішіне түсіп, көз жұмыпты. Жалғыз ұлы қан майданнан жеті жылдан соң елге оралып, отбасылы, балалы-шағалы болып, теміржолда абыройлы қызмет етерін және ғасырға жуық өмір сүрерін қайран әкесі білмеді...

1926 жылы Ақмола облысының Қажымұқан ауылында дүниеге келген Жүнісбек ақсақал соғысқа шақырылған соң үш ай бойы Алматыда дайындықтан өтіпті. Жауынгерді 348-ші жаяу әскер дивизиясына жіберді. Майдандағы алғашқы күні ардагердің жадында өшпес із қалдырды. Жерден де, көктен де бомба жауған қанды қырғыннан аман қалғанына өзі де сенбепті. «Әрі қарай етіміз үйреніп кетті, селт етпейтін болдық» дейді.

Соғыс біткесін Берлиннен Белоруссияға үш ай жаяу жүріп келген сарбаздар қатарында болған Жүнісбек Кәрімов елге бірден оралмады. Авиациялық училищені тәмамдап, тағы 4 жылдай әскери салада еңбек еткен. Туған жерге елуінші жылдардың басында ғана оралып, авиация саласында алған білімінің арқасында теміржолда белгі беру және байланыс шаруашылығында білікті маманға айналады. Сөйтіп 1992 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін радиобайланыс бойынша электр механигі, телім бастығы қызметтерін атқарады. Тіпті оның салаға ауадай қажет маман екендігі сондай, зейнеткерлікке үш рет шығып, екеуінде басшылық қайта шақырып отырған. Балалық шағы ашаршылық нәубетімен, бозбала кезеңі соғыспен сәйкес келген қарияның бүкіл ғұмыры сынақтар мен қиындықтардан тұрғанына қарамастан қажыры мен қайратының күштілігі сондай, тоқсаннан асса да әлі де тың, сөзі ширақ, ойы анық. Тек өмірлік серігінің өзінен кіші бола тұра көз алдында кеткені қарияның көңілін құлазытады.

– Бәрі де Алланың сынағы ғой. Осылай жазған екен. Пешенемізге жазылған ғұмырды тынысымыз біткенше адал және абыройлы сүріп шықсақ болды. Өз басым ешкімнің алдына қол жайып бармадым, таза еңбегім мен білімімнің арқасында ауыр сынақтардан аман өтіппін. Ендігі өмірім де бір Аллаға аманат. Бастысы, еліміз тыныш, заманымыз бейбіт болсын. Жаратқан қазағымның маңдайына елдің қамын жейтін тағы бір басшыны нәсіп етсін! – деп аталық тілегін айтты қария.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# БАЛТЫҚ ФЛОТЫНЫҢ ЖАУЖҮРЕК ТЕҢІЗШІСІ

Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, қарт теміржолшы Кәмкетай Байыров бүгінде 94 жасқа аяқ басты. Ұлағаты мол ақсақал – кешегі қанқасап майдан өтінде шыңдалып, бейбіт өмірге оралған соң шойын жол саласында да ерен еңбектің үлгісін көрсеткен абыз.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*



Қазыналы қария әлі де тың. Сөзі де мәнді. Аз-кем құлақ мүкістігі болмаса, жанары да қиядағыны шалады. Қала іргесіндегі жер үйде бау-бақшасын күтіп-баптап жүріп жатыр. Сәлем бере барғанымызда қақпасын өзі ашып, қарсы алды. Жас буын әріптестерін, теміржолшыларды бірден таныды. Жүзінен жадырағаны, ризашылық байқалады. Расында бүгінде өз қара шаңырағында, немере-шөберелер ортасында отырған қария теміржолшылармен әңгіме-дүкен құрғанды ұнатады. Байырғы қызметтестерін сұрап, басшылардың, желі бойындағы станцияларда тұратын көзкөрген теміржолшылардың өздері болмаса да, балаларын сұрастырып, амандығын біліп отырады. Есте сақтау қабілеті ерекше қария соғыс жылдары жайлы әңгіме шертуде де шебер.

Кәмкетай ақсақал небары 17 жасында, 1943 жылдың қазанында өзі сұранып майдан даласына аттаныпты. Өмірінде теңізді көрмеген қыр баласына Қызыл тулы Балтық флотының теңізшісі болу бұйырған екен. Жеделдетілген бес айлық курстан соң бірден Балтық теңізіндегі соғыс кемесіне жіберіліп, артиллерист міндетін атқарады. Жас жауынгер дәл соғыс өрті қызып тұрған шақта ұрысқа кіріпті. Осылайша, Кәмкетай ақсақал үшін кескілескен ұрыс күндері басталған.

– Балтық теңізінде ұрыс қимылдарын жүргіздік. Біздің кемеміз жаудың сүңгуір қайықтарының шабуылына жиі ұшырайтын еді. Ашық теңіз шартараптан қауіпке толы. Әуеден де, судың астынан да кез келген сәтте қатер төнеді. Немістер теңізді де миналап тастаған болатын, – дейді ақсақал сол бір күндерді есіне алып.

Теңізші Кәмкетайға көз жанарының өткірлігі себепті артиллерия штурвалын ұстау бұйырыпты.

– Бірде тұман сейілген шақта жаудың алып кемесіне кенеттен кез болдық. Уақыт оздырмастан нысанаға алып, дүркіндете оқ аттым. Жау кемесінен қою қара түтін бұрқ ете қалды да, көп ұзамай бір бүйірлеп теңізге батты. Су беті жанталаса қалқып жүрген неміс әскерилеріне толып кетті, – дейді қария. Осы ұрыста жау кемесін дәл көздеп суға батырып жібергені үшін артиллерист Кәмкетай Байыров «Адмирал Нахимов» медалімен наградталыпты.

Дегенмен, жас теңізші үшін нағыз есте қаларлық сәт 1944 жылдың күзі, яғни, жау қоршауындағы Ленинградты қайтару үшін болған ұрыстар екен. Артиллерист Кәмкетай Байыровтың кемесіне жүктелген міндет теңіз айлағына фашистер мен олардың одақтасы фин кемелерін жібермеу, қаланы теңіз артиллериясы шабуылынан қорғау еді. Бұл міндетті жауынгерлер мүлтіксіз орындайды. Нәтижесінде жау шеңгелінен босаған қалаға құрлық әскерлерімен қатар алғашқы болып кіріпті.

– Үлкен көшелерде бірлі-жарым болмаса адам жоқ, ит-мысық мүлде қалмаған. Қаланы жау бомбасы ғана емес, аштық та қырғынға ұшыратқаны көрініп тұрды. Теңізшілерге жүктелген алғашқы кезектегі міндет, көшелердегі қараусыз қалған жетім балаларды, аурулар мен жаралыларды жинау, шаһардың инфрақұрылымын қалпына келтіру болды, – дейді қария.

Осылайша, Балтық аймағы жаудан тазартылған соң ақсақал мінген кеме майдан шебіндегі Рига мен Таллин қалалары жағалауларын күзетіпті. Ұзақ күттірген Жеңіс мерекесін ақсақал осылай қарсы алған. Жаужүрек теңізшінің кеудесі орден-медальға толы. «II дәрежелі ұлы Отан соғысы» ордені мен «Адмирал Кузнецов, «Маршал Жуков» медальдарының иегері.

Алайда, Балтық флотының теңізшісі елге тек 1950 жылы ғана қайтып оралыпты. 1951 жылдың 15 мамырынан 1986 жылдың 23 мамырына дейін тапжылмай Семей белгі беру және байланыс дистанциясында электромеханик болып абыройлы қызмет атқарады. Теміржол кассирі Ғалия апамызбен көңіл жарастырып, шаңырақ құрып, бүгінде ұрпақ қызығына кенеліп, үбірлі-шүбірлі үлкен әулеттің басшысы болып отыр.

*Суретті түсірген автор*



Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, із-түссіз жоғалған және бүгінде арамызда жоқ майдангерлер құрметіне арналған «Мәңгілік полк» шеруі жер-жерде кең қанат жаюда. Олардың қатарында даңқты бабаларының портретін ұстаған теміржолшылар да жүр.

# БАТЫР БАБАЛАР РУХЫНА ТАҒЗЫМ

9 мамыр – Жеңіс күні «Мәңгілік полк» шеруінде сапқа тұруды Ахметовтер әулеті де әдетке айналдырған. Ұлы Отан соғысының ардагері, артиллерия жауынгері, бұрынғы теміржолшы Оспан Ахметовтің ұлы Марат Ахметов бұл шараны бабалар рухына тағзым деп біледі.

Оспан Ахметов – соғыстан аман оралып, өмір бойына темір жол саласына еңбек еткен азамат. 1925 жылы Шалқар қаласында дүниеге келген. Сол өңірден шыққан алғашқы қазақ машинистері қатарында паровоз жүргізген екен. 1943 жылы соғысқа аттанады. Артиллериялық полк құрамында соғысқан. 1945 жылы соғыс біткеннен кейін де елге оралмай, полк қырғи-қабақ уақытта қауіпсіздік үшін Кавказ тауында жасырынып тұрған екен. Тек 1950 жылы әскер қатарынан босап, елге оралады.

Елге келгеннен кейін Шалқар локомотив депосына жұмысқа тұрып, дәнекерлеушіден бастап машинист көмекшісі болды. Кейін техникалық мектепті бітіріп, машинист болып 1980 жылы 55 жасында зейнетке шыққанша еңбек етеді. Майдангер 1991 жылы 66 жасында өмірден озыпты.

«Әкемнің осы суретін алып, жылда «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» ұранымен өтетін «Мәңгілік полк» шеруіне қатысамын. Бұл суретке әкеміз майданнан қайтып келе жатқан кезінде түскен. Әкеміздің, Отан үшін жанын берген басқа да жауынгерлер рухына тағзым етуді борышым деп білемін. Сол үшін де шеруге шығамын. 9 мамыр күні әкімдіктің қасынан орталық саябаққа дейінгі аралықта жаяу жүріп өтеміз. Бұл – өте жақсы шара. Сол кезде көп адамның арманы орындалмай қалды. 18-20 жасынан қыршын кеткендер бар. Тіпті қолына қару ұстамай, соғысқа бара жатқан жерінен ұшақтар бомбылап, вагонның ішінде өліп кеткендер бар. Біз мәңгілік полк шеруі арқылы олардың жорық жолын қайта тірілтіп, қайтадан сапқа қосамыз, мәңгі өлмес рухтарына тағзым етеміз», – дейді Марат Ахметов.

Айта кетейік, Ақтөбе облысы бойынша соғысқа 122 423 адам аттанып, олардың 40 мыңнан астамы елге оралмаған...

# ОН БЕСІНДЕ ОТ КЕШКЕН...

Ақтөбелік Рахила Қанатбаева бүгінде 93 жаста. Ғасырға жуық жасаған қария 15 жасында соғыс даласына аттанған. Әлеуметтік мәртебесі тыл ардагері болғанымен, қолына қару алып соғыспады демесеңіз, қан майданның сұрапыл сұмдығын бастан кешкен жан.



«Небір қиын заманды көрдік. Әкеміз үлкен бай, ауқатты адам болған. Кейін репрессияға ұшырап, балалары жан-жаққа бытырап кетті. Соғыс жылдары бізді «байдың қыздары» деп от пен оқтың ортасына ерте жұмсады. 15 жасымда пойызға мініп, немістер қиратып кеткен Астрахань қаласына бардық. Ол кезде аяғымызда аяқ киім деген жоқ. Қатты қағазды аяғымызға шөппен орап алып, окоп қазу жұмыстарына жегілдік», – деп әңгіме айтады Рахила әжей.

1943 жылы аттанған он бес жасар қыз бала бір жылдың ішінде көрмегені жоқ: қираған үйлерден мүрделерді алып шығып, жаралыларды госпитальға тасып, олардың жарақатын таңған дәкелерді тазалап, ыссы суға қайнатып, ота жасайтындарға беріп отырады екен. «Арқамызға мәйітті салып келе жатқанымда алғашында қатты қорқатын едім, кейін үйреніп кеттік қой. Ол кезде бәрі қат болатын. Өлген сарбаздардың аяқ киімін киіп жүрген кездер болды. Үнсіз жүріп, нәр сызбастан еңбек еттік. «Соғыс тезірек бітсе екен» деп қана армандайтын едік» дейді.

1944 жылы тексеріс болып, оқушы балалар деп бір топ жас қызды елге қайтарады. Шалқарға келген соң жергілікті депода жұмыс істеп, ып-ыстық шойын құятын цехта танкінің құралдарын, оқ-снарядтар жасаған. «Ол кезде еңбекақы деген болмайтын. Тек бір келі нан мен асханадан бір мезгіл ыстық тамақ жегенімізге шүкір ететінбіз. Қолымызға үлкен балға береді. Паровозбен келетін зілдей шойын темірлерді кілең қыз-қыркын зауытқа тасып, отқа салып еритетін едік. Сосын одан қару-жарақ жасалады. Кілең бала-шаға, қартаң-құртаңдарға жұмыс оңай болмады. Бірақ ел басына туған күнді көтеріп алдық, қайыссақ та сынбадық», – дейді ардагер.

Қанатбаева Рахила – Кеңес Одағының батыры Ідіріс Үргенішбаевтың шәкірті, 4-сыныпқа дейін сабақ берген екен. Қарияның үш баласы да теміржолшы болған. Екі ұлы машинист болса, үшіншісі желілік полиция бөлімінде теміржол бойындағы тәртіпті қадағалаған. Ұлдары қайтыс болған кейуана қазір кіші қызымен Ақтөбе қаласында тұрып жатыр. Басында жеке баспанасы жоқ. Тыл ардагері совет үкіметі мен қазақ билігінен ештеңе алып көрмесе де, ешкімге өкпесі жоғын айтты.

**Дайындаған Ардақ ЕРУБАЕВА,** *Ақтөбе*
*Суреттерді түсірген автор*

ВЕТЕРАНЫ



# ЭХО ПРОШЕДШЕЙ ВОЙНЫ…

До сих пор отзвуки войны живут в памяти убеленных сединой старцев, бередят их души и сердца. И как в немом фильме встают сюжеты прошлых лет, поля сражений, где война прошла кровавой нитью, оставив глубокий след…
И хотя прошло много лет как закончилась война, эхо ее для ветерана Николая Лазаренко все еще звучит в воспоминаниях.

**Елена ҚОЛДАСБАЕВА,**
*Алматы*

Николай Лазаренко родом из Белоруссии, а судьба забросила его в Казахстан в 1935 году, когда отца перевели работать в Карагандинскую область на станцию Дарья. Довоенные годы Николай провел в казахстанской глубинке и отсюда же добровольцем ушел на фронт.

В декабре 1941 года в Алма-Ате была сформирована 38-я стрелковая дивизия, куда и попал Николай. В числе сослуживцев были казахи, украинцы, молдаване и другие народы. До сих пор он остается верен фронтовому братству. Крепче той дружбы ничего у ветеранов нет. Уже в мирное время Николай Лазаренко всегда был рад снова встретиться с однополчанами, добрым словом вспоминает командира батареи Иринчи Ленскипова, с которым в одной связке пришлось пройти сотни тысяч километров по фронтовым дорогам.

В начале марта 1942-го дивизия, преодолев по железной дороге маршрут Алма-Ата – Арысь – Саратов, Мичуринск, сосредоточила силы на станции Кантимировка Воронежской области, затем передислоцировалась в Белгородскую область в составе действующей армии Юго-Западного фронта. Свое боевое крещение Николай получил 12 мая 1942 года во время Харьковской операции – крупном военном сражении.

Николай Григорьевич – участник Сталинградской и Курской битв. Ему не забыть тех страшных сражений, в боях которых погибло много его товарищей.

Рассказ о Курской битве, несмотря на прошедшие годы, возвращает память ветерана в то страшное лето 1943 года.

Германское командование приняло решение провести стратегическую операцию на курском выступе, планировалось нанесение ударов из районов городов Орла и Белгорода. Ударные группы должны были соединиться в районе Курска, окружив войска Центрального и Воронежского фронтов Красной Армии. Советское командование приняло решение провести оборонительное сражение, измотав войска неприятеля, и нанести ему поражение. Курская битва – ключевое сражение в Великой Отечественной войне. Немцы наносили по советским оборонительным рубежам бомбовые и артиллерийские удары. А перешедшие в наступление танки сразу столкнулись с серьезным сопротивлением.

Ветерану не забыть того часа, как 5 августа сорок третьего однополчане радовались, когда в Москве был дан первый салют за всю войну в честь освобождения Орла и Белгорода. А после окончания сражения на Курской дуге германское командование утратило возможность проводить стратегические наступательные операции.

С середины октября 1943 года началось освобождение правобережной Украины, в этих тяжелых боях принял участие и Николай Лазаренко. Он, как и другие советские воины, не только с честью выполнил свой патриотический долг, защищая Родину, но и участвовал в великой интернациональной миссии, освобождая от врага территории Венгрии, Югославии. Он помнит, как горячо встречали советских воинов местные жители. Со слезами на глазах, обнимая и целуя героев, они сбивчиво рассказывали о том, что им пришлось пережить за это время. И, естественно, выигранные бои, слова благодарности и признательности больше и больше вдохновляли солдат на самоотверженную борьбу с врагом.

В ноябре 1944 года в Венгрии Николай получил тяжелое ранение. Несколько месяцев пролежал в военном госпитале в Тбилиси. А после выздоровления вернулся в родные края – на станцию Дарья. Бравого фронтовика сразу взяли на работу в локомотивное депо. Работа в отделе кадров нравилась ему, вскоре он поступил в институт, окончив экономический факультет перевелся в Управление железной дороги в Алма-Ату, где работал главным бухгалтером вагонной службы.

Были в его трудовой деятельности годы работы на станции Кушмурун. Как опытного работника приглашали работать начальником финансового отдела Джамбулского отделения дороги. За весомый вклад в развитие железнодорожного транспорта Николай Лазаренко был награжден знаком «Почетному железнодорожнику». На кителе ярко красуются 5 орденов, среди них Отечественной войны I степени, 3 ордена Отечественной войны II степени и орден Красной Звезды.

День Победы – самый главный и желанный праздник для ветерана, который он ждет с нетерпением.

*Фото автора*

# МЕДАЛЬ «ЗА ОТВАГУ»

Григорий Степенко – ветеран Великой Отечественной войны, награжден орденом Славы II степени, двумя орденами Отечественной войны II степени, медалями «За отвагу», «За боевые заслуги», «За победу над Германией», «За победу над Японией», «За освобождение Варшавы», «За взятие Кенигсберга», «За боевое содружество с Монголией». Именитый ветеран также имеет 25 юбилейных медалей.



**Светлана МОГАЙ,**
*Караганда*

Григорий Степенко родился в апреле 1925 года в Воронежской области. Спустя некоторое время его родители переехали в Павлодарскую область в село Успенко. В ноябре 1942-го Лозовским райвоенкоматом был призван в действующую армию. Ветеран отчетливо помнит, как на фронт его провожал отец. Парнишке невыносимо больно было видеть слезы родителя, да что уж говорить, ему и самому с трудом удавалось сдерживать свои эмоции.

– Однако, на поле битвы нельзя бояться смерти, иначе тебя убьют в первом же бою, – говорит ветеран. Мимо пролетали пули, гремели снаряды, на моих глазах гибли товарищи, с которыми час назад шел в наступление. Все это надо было пережить.

После боя на Курско-Орловской дуге Григорию присвоили звание сержанта и за смелость вручили медаль «За отвагу». Он освобождал города Белгород, Орел, Харьков, Курск, принимал участие в форсировании реки Днепр со стороны Киева, освобождал Кенигсберг и Варшаву. Во время освобождения Кенигсберга получил контузию. В середине 1945 года наступили мирные времена, однако ветерана комиссовали лишь в 1949 году.

После войны Григорий Петрович работал в колхозе, а в 1950 году по путевке поехал на работу в шахтерскую столицу. Несколько лет проработал на цементном заводе в поселке Компанейск. Затем до самой пенсии трудился на железной дороге. В 1981 году ушел на заслуженный отдых. Но ветеран не привык сидеть, сложа руки. По сей день он занимается активной общественной деятельностью. Григорий Петрович – член Совета ветеранов. Он частый гость школы № 85. Здесь когда-то учились его дети и внуки. Накануне Дня Победы ветеран выступил перед школьниками и работниками железной дороги, рассказал о фронтовой жизни и боевых товарищах, которые отдали свои жизни за наше мирное светлое будущее.

*Фото автора*

# ЛЕГЕНДАРНЫЙ САПЕР

В послевоенное время сапер, приравненный к ветеранам Великой Отечественной войны, Евгений Набоков разминировал более 2500 взрывоопасных единиц.



**Лана ВЕРШИНИНА,**
*Караганда*

Евгений Набоков родился в послевоенное время. Сразу после окончания школы устроился работать в Сортировке Карагандинской области помощником машиниста. В 1966 году 18-летнего парня призвали служить в ряды Советской Армии. На протяжении трех лет молодой солдат осваивал азы армейской службы – марш-броски, прыжки с парашютом, занятия по специальной подготовке, зачеты по мерам безопасности при работе со взрывоопасными предметами.

Во время войны фашисты оставили на советской земле большое количество складов с артиллерийскими боеприпасами, которые подлежали разминированию. Саперы регулярно выезжали и очищали местность от мин, а потом гремели взрывы.

По словам Евгения Набокова, работать приходилось в различных экстремальных условиях. В 1967 году на его счету было уже обезврежено 2500 взрывоопасных единиц. Только саперы знают, что кроется за этой цифрой – сотни исхоженных километров, десятки кубометров выброшенного грунта, мозоли на руках. Непривычного к такой работе человека от усталости валит с ног, но молодые сильные ребята не считаясь ни с чем, работали не покладая рук.

– Однажды из военкомата пришла заявка на подрыв снаряда, – вспоминает он. – В состав группы, высланной на задание, вошел и я. Ехать далеко, на место прибыли к концу дня, а справиться с работой нужно было засветло. Особенно много времени заняла подготовка котлована для заряда, поэтому мы сразу же взялись за лопаты. Приблизительно через час котлован был готов. Снарядов оказалось тысяч пять, но они были мелкими – от самолетных пушек. Решили взорвать их все вместе, укладывали прямо в ящики. Когда все было готово к взрыву, бросились бежать от опасного места (за три с лишним минуты нужно добежать до укрытия).

Вдруг лейтенант Федоров остановился, как вкопанный, лицо его побледнело. Набоков глянул в ту сторону, куда тот смотрел и тоже окаменел. Размахивая лукошками, из лесу шли четверо девчат. Набоков бросился им навстречу, чтобы остановить. Прошло больше минуты, значит, до взрыва осталось примерно полторы. Он их пытался остановить, но девушки продолжали идти. Они не слышали Евгения, и тогда он рванулся вперед. После очередного крика девушки остановились. Они не могли понять, почему незнакомый солдат так быстро бежит к ним. Наконец догадались и бросились к водосточному колодцу. Вот-вот должен был грянуть взрыв. Набоков упал в неглубокую, наполненную водой выемку. Тут же вздрогнула земля. Разорвались целые снаряды и ящики. Рядом с сапером падали комья грязи и искромсанный металл. После того, как отгремели взрывы, перестали падать осколки, он все не поднимался. Спустя некоторое время пришел в себя. В это время к нему подбежали перепуганные девчата. Несколько месяцев спустя после этого случая Евгений Набоков стал коммунистом и получил медаль «За боевые заслуги».

После службы в армии Дмитрий вернулся в родное депо и 41 год проработал на железной дороге. Сейчас он находится на заслуженном отдыхе. Никто из коллег даже не подозревал, что бок о бок трудится с легендарным сапером. Сам он в силу своей скромности не рассказывал о подвигах, которые когда-то совершил.

Сейчас на примере Евгения Набокова учатся молодые железнодорожники, они хотят быть похожими на него как профессионала, патриота и личность.

*Фото автора*

НОВОСТИ

## ПОКАЗАТЕЛИ ВСЕ ВЫШЕ

**Грузооборот на сети АО «НК «ҚТЖ» за четыре месяца текущего года составил 71 миллиард тонно-километров, что на 1% больше, чем за аналогичный период 2018 года. План по эксплуатационному грузообороту выполнен на 104%.**

В отчетный период погрузка грузов составила 80 миллионов тонн. Каменного угля погружено 34 миллиона тонн, в том числе на экспорт – 10 миллионов, что на 8% выше показателя минувшего года, зерна – 4 миллиона тонн (+ 5%).

В апреле 2019 года грузооборот составил 18 миллиардов тонно-километров, погрузка – 20,5 милиона тонн.

Каменного угля погружено 7,6 миллиона тонн (внутри страны – около 5 млн), зерна – 812 тысяч тонн, в том числе на экспорт – 583 тысячи.

За четыре минувших месяца улучшено большинство количественных и качественных показателей эксплуатационной деятельности. Так, среднесуточная производительность локомотива увеличилась по сравнению с показателем аналогичного периода прошлого года на 3,2%, среднесуточный пробег локомотива – на 2,8%, среднесуточное время оборота рабочего вагона – на 3,6%, среднесуточная производительность вагона – на 4,9%, среднесуточный пробег вагона – на 4,4%.

*Руслан РАХМЕТОВ*

## «ДЕНСАУЛЫҚ» НА СТАНЦИИ ЖЕТЫСУ



**Лечебно-диагностический поезд «Денсаулық» начал свою гуманную миссию на участках южного направления. Второй остановкой поезда стала станция Жетысу.**

С раннего утра на станции Жетысу было оживленно, сельчане пришли семьями, чтобы получить консультации, медицинскую помощь и пройти обследование у специалистов.

Как комментирует главный врач поезда Марат Дауменов, только за два дня принято 122 человека.

– Стоит отметить, что в ходе обследования медицинская помощь оказывается на месте. Больные, нуждающиеся в долгосрочном стационарном лечении, будут направлены в ближайшие медицинские учреждения, – говорит он.

Медицинский поезд организован как настоящая поликлиника. Пациент может пройти не только комплексное обследование, но и получить необходимые рекомендации с учетом индивидуального назначения. В день специалисты способны принимать свыше 200 человек. Бригада сформирована из высококлассных специалистов Казахского национального университета имени Асфендиярова.

Поезд состоит из девяти вагонов, из них 4 – для проведения лечебно-диагностических процедур, 2 вагона для проживания медицинского персонала, вагон-ресторан, вагон для энергоснабжения. Есть конференц-зал, где в особо сложных случаях врачи могут консультироваться со своими коллегами из ведущих республиканских медицинских центров с помощью телемоста через Интернет.

Большая заслуга в продвижении состава зависит и от поездной бригады, начальник которой Дуйсен Балымбетов следит, чтобы состав заправляли водой, координирует расписание приема и отправки поезда.

Жители станции Жетысу каждый год приходят на обследование и получают квалифицированную медицинскую помощь.

– Я уже прошла всех узких специалистов, получила назначения и благодарна, что имею возможность бесплатно пройти всех врачей, особенно хочу отметить врача-офтальмолога, который дал мне необходимые рекомендации после перенесенной операции, – говорит жительница станции Жетысу Дарина Баймуханова.

Уже в первый день своего пребывания на участках Алматинской области можно было услышать в адрес врачей положительные отклики.

В течение 22 дней «Денсаулық» посетит 20 станций и отдаленных разъездов Алматинской области, на крупных станциях поезд будет останавливаться на 2 дня.

*Милена КАИРОВА, Алматинская область*
*Фото автора*

## ТВОРЧЕСКАЯ ПЛОЩАДКА ДЛЯ НОВАТОРОВ



**Молодые сотрудники АО «НК «ҚТЖ» – победители конкурса на лучший инновационный проект приняли участие в образовательных семинарах ведущего университета страны.**

Семинары организованы в рамках Меморандума о сотрудничестве между АО «НК «Қазақстан темір жолы» и АО «Назарбаев Университет».

Работники Жамбылского отделения магистральной сети – дорожный мастер – заместитель начальника участка пути Асхат Райымкулов и ведущий инженер отдела пути Даулетбек Джолдасбеков, начальник производственно-технического отдела Семейского отделения магистральной сети Ерик Белгибаев и другие участники – получили консультации специалистов Назарбаев Университета по разработке и реализации инновационных проектов и новаторских идей.

На семинаре NXplorers + networking молодые железнодорожники обсудили основы управления проектами, рассмотрели вопросы бизнес-планирования, эффективной презентации и инвестиционной стратегии инновационных проектов.

Диспетчер пути Жамбылского отделения магистральной сети Улан Джундубаев и бригадир пути Костанайского отделения магистральной сети Рустам Гапбасов приняли участие в тренинге по прототипированию собственных проектов. Здесь ребята смогли отработать процессы проектирования, а именно оцифровку чертежей по эскизам, разработку конструкторской документации, расчеты нагрузок, подготовку технологического процесса на изделие. Кроме того, специалисты университета оказали им помощь в разработке электронных схем, плат и устройств, изготовлении деталей, механизмов и конструкций.

Участники семинаров отметили, что в ҚТЖ уделяют большое внимание развитию инженерного потенциала молодых работников с использованием современных подходов обучения.

Взаимодействие с учебным заведением, являющимся флагманом высшего образования в стране, придаст дополнительный стимул для повышения профессионализма молодых железнодорожников, реализации кадровой политики в компании.

В настоящее время в АО «НК «ҚТЖ» трудятся 52 тысячи молодых работников, что составляет 39% от численности всего трудового коллектива компании.

*Айлин БАУРЖАН*
*Фото автора*

**Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан аттанған миллиондаған жауынгердің қатарында Киікбай ұлы Дабыс та болды. Соғыс басталғанда небәрі 17 жастағы бозбала майданнан батыр болып елге оралып, осыдан бес жыл бұрын, 90 жасында дүние салыпты.**

# ӘКЕ ЕРЛІГІНЕН ЕСТЕЛІК



Ардагер туралы оның қызы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Техникалық саясат және реттеу департаментінің менеджері Гүлнәр Дабысқызы сағынышты сыр шертті. «Әкемнің тар жол, тайғақ кешуі бала кезінде басталыпты. Киікбай атам інісі Рысмағамбетпен іргелес тұрып, тату-тәтті өмір сүріп жатқанда, 1928 жылы Совет үкіметі байкулак ретінде конфискация жүргізіп, екі үйдің дүние-мүлкі мен киім-кешектерін, тіпті даладағы ошақ қасында жатқан темір көсеуге дейін алып кеткен екен. Рысмағамбет ағаның сатуға әкелген 100 қаралы жылқысымен бірге өзін де қоса әкетіп, жалғыз інісінен айырылған атамыз да көп кешікпей құса болып қайтыс болыпты. Екі үйдің жандары жетім-жесір қалады. «Өлмегенге өлі балық» демекші, жағал-жағал болып айран ұйытып жүрген күміс кәстрөл қалып қойған екен. Әжелеріміз тазалап жуғанда, жарқырап шыға келген сол кәстрөлді астыққа айырбастап, 1932 жылы елге келген жаппай ашаршылықтан аман қалған екен» деп әкесінің балалық шағынан естелік айтады Гүлнәр Дабысқызы. Хат танитын Дабыс Киікбайұлы кейін колхоз председателінің көмекшісі болады. 1942 жылдың мамыр айында аудандық Әскери комиссариатқа шақыру алған екі адамды алып барған жерінен әлгі екеуі аяқасты қашып кетіп, орнына «добровольцы» тізімімен өзі аттанып кеткенін әкелері бертінде бала-шағасына айтып отырады екен.

Пойызбен Кузнецк қаласына келіп Лесопромхозға ағаш дайындаумен айналысқан бір топ жасты жастары толғасын Ачинск қаласындағы әскери қалашыққа жібереді. Сол жерде әскери дайындықтан өтіп, 1943 жылдың басында сержант деген дәрежемен соғысқа аттанып, басынан аяғына дейін 2-ші Украина майданының 40-армиясының жаяу әскери сабында Украинада соғысып, Днепр өзенінің бойында бірнеше қиян-кескі ұрысқа қатысып, жеңіске жетеді. Мұздай қаруланған полкпен әрі қарай Карпат тауын бетке алады. Молдавия, Бессаравия, Трансельвания, Румыния, Венгрия, Австрия, Чехословакия қалаларын жаудан азат етуге қатысады.

«Бұл елдердің әр қаласын жаудан азат етуде жан алысқан небір ұрыстарды бастан кешірдік. 1945 жылдың 19 ақпанында Чехословакияның Чекеспеккервар қаласын азат ету шайқасында дәл алдымнан снаряд жарылып, ауыр жарақат алдым. Есімді жиғанымда, екі санитар солдаттың жетегінде қайыққа салып сүйреп бара жатқанын сездім. Одан қайтадан есімнен танып қалдым. Ертеңіне оянсам, «изоляторда» жалаңаш күйде тақтай столда жатыр екенмін, екі жағымда екі солдат жатыр, бірі өлген, екіншісі өлгелі жатыр. Мен дереу есімді жиып, столды тақылдата ұрғанымда, бір медик қыз көре сала, жүгіріп барып операция жасаған врачты ертіп келді. Ол қуанып, маған наркозды көбірек беріп, оянбағасын өліп қалды ма деп қорқып отырғанын жасырмады. «Жүз жасайсың» деп арқамнан қақты. Госпитальда жатып Жеңіс күнін қарсы алдым», – деп естелік айтады екен майдангер ұл-қыздарына.

Жауынгердің майдандағы ерлігінің айғағындай 1 дәрежелі «Қызыл жұлдыз» орденімен, 2 және 3 дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған екен.

«Соғыстан кейін әкем бел шешпей еңбек етіп, анам Пернекүл Дәуренбекқызымен 8 бала тәрбиелеп өсірді. 11 немере және 9 шөбере сүйді. Ата-анам 60 жыл бірге бақытты өмір сүрді. Бәрімізді оқытып-тоқытты. Қанша қиындық көрсе де әкем ешуақытта өмірге, өткен күндеріне өкпелеп, реніш білдірген емес. Барға қанағат қылып, бала-шағасының бейбіт күнде бақытты өмір сүруін тілеп отыратын», – деп еске алады Гүлнәр Дабысқызы.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**

# «ӘКЕМ ӨЛЕ-ӨЛГЕНШЕ ЖИЕН ҚАРЫНДАСЫН ЖОҚТАП ӨТТІ...»

Қазақтың батыр қызы Әлия Молдағұлованы тәрбиелеп өсірген ағасы Әбубәкір Молдағұловтың ұрпақтары күні бүгінге дейін Ақтөбе өңірінде тұрады және көпшілігі темір жолмен біте қайнасқан.



**Ардақ САТТАРҚЫЗЫ,**
*Ақтөбе*

Отыз жылдан аса машинист болған Сапар Молдағұлов – танымал теміржолшы Әбубәкір Молдағұловтың ұлы. 19 жасында ерлікпен қаза тапқан қаршадай қазақ қызының ерлігі ел жадында. Қып-қысқа ғұмырында ел сүйсінерлік ерлік жасаған батыр қыз сегіз жасында анасы қайтыс болғаннан кейін нағашы ағасының тәрбиесіне өтеді. «Мен 1941 жылдың мамыр айында дүниеге келдім. Сол кезде 16 жасқа да толмаған Әлия апам мені Ленинградта перзентханадан шығарып алған екен. Соның өзі тарих емес пе?! Әлия – менің әкемнің қарындасынан қалған жалғыз тұяқ, сол кезде Ленинградта тұрған ата-анаммен бірге болған, бірақ олар кейін елге қайтқанда сол жақта қалып қойып, кейін майданға аттанған. Әкем өле-өлгенше жиен қарындасын жоқтап өтті, – деп еске алады Сапар Молдағұлов.

Бүгінде Молдағұловтар әулеті – аймаққа кең тараған бір қауым ел. Әбубәкір Молдағұлов салған сара жолды жалғастырған ұлы Сапар Молдағұловтың отбасы түгел теміржолшылар, анасынан бастап, өзі, әйелі және балалары. Машинист көмекшісі болып бастаған Сапар аға Қандыағаш пен Сағыздың арасында ұзақ жылдар жүк және жолаушы құрамдарын тасығанын мақтанышпен әңгімелеп берді. Қарт теміржолшы бүгінде жұбайымен Ақтөбе қаласында тұрып жатыр. Зейнетке шыққанына да 20 жылдан асқан.

«Ол кезде пойыз көп болды. Барлық жүк пойызбен тасымалданатын еді. Қандыағаш қаласынан күніге 28-30 пойыз өтеді. Ол кездегі теміржолшылар да беделді болатын. Осы жұмыстың арқасында Қазақстанның барлық қалаларын араладық, тегін демалдық. Украина, Ленинград, Москваға өз үйіміздей жылда баратынбыз», – деп еске алады ерлі-зайыпты теміржолшылар.

«Мен де зейнет жасқа шыққанша Темір ауданы Шұбарқұдық депосында кеңседе еңбек еттім. 31 жыл бір кеңседе, бір үстелде отырыппын. Біздің депомызда 2000-нан аса маман жұмыс жасады. Күндіз-түні тоқтаусыз жұмыс жасап, пойыздарды қабылдап отырдық. Өзім 39 жыл енеммен бірге тұрдым. Енем марқұм: «Әлия өте ақылды, жігерлі бала болды» деп айтып отыратын. Ауылдан Ленинградқа көшіп барғанда енеміз орыс тілін білмей, нан әкелуге де Әлияны жұмсайтын болған екен», – деп естелік айтады бүгінде 71 жасқа шыққан Бекзада Молдағұлова.

Қос қарияның балалары да ата жолын таңдаған. «Жезқазған-Сексеуіл» темір жолы құрылысына қатысқан Молдағұлов Рүстем Сапарұлы – осы әулеттің ұрпағы. Қызыл құмның ортасынан жол салғаны үшін Елбасының қолынан «Құрмет» орденін алған. «Мен де педагогикалық мамандық алып, теміржол колледжінде оқытушы болып жұмыс жасаймын. Теміржолшылар отбасында туғанымды мақтан тұтамын», – дейді теміржолшының қызы Айгүл Молдағұлова.

Ынтымағы жарасқан Молдағұловтар әулеті осылай, темір жол саласының дамуына өз үлестерін қосуда. Мәуелі шаңырақта бүгінде үшінші буын теміржол кәсібінің ризығын көріп отыр.

*Суретті түсірген автор*

# ЖҮЗ ЖАСАҒАН МАЙДАНГЕР



**Көненің көзіне айналған қарт майдангер-теміржолшы Бұғыбай Нәрікбаев – Сыр өңірінің ғана емес, жалпы ел теміржолшыларының мақтанышы. Соғыс ардагері биыл тоқсанның алтауына толып отыр.**

Сұлутөбе топырағында дүниеге келген Бұғыбай қария 1943 жылы әскер қатарына шақырылып, әрі қарай Ұлы Отан соғысына аттаныпты. Бір кездері соғыста болғанын жасырын ақтап, сұлутөбелік Мұстафа Шоқайдың ауылдасы ретінде сол кездегі солақай саясаттың құрығына ілініп, тепеpіш көрген де сәттері болған деседі...

Қария соғыс жайлы әңгімелеуді онша жақтырмайды. Тек қана Смоленск майданында жаумен бетпе-бет келіп, қиян-кескі ұрысқа қатысқанын кейде айтып отырады екен.

Есесіне өзі жұмыс жасаған жылдары теміржолдың жағдайы, барлық еңбек қол күшімен атқарылғаны, соғыстан кейінгі ауыр жағдайда теміржолда ғана уақытылы берілетін еңбекақыға жан бағуға жетер-жетпес тамақ тауып жеуге мүмкіндік болғанын айтып отырады екен. «Бірақ еңбеккүнді аз төледің деп жұмыстан қалу, жалқаулану біздің ойымызға да кірмейтін, пойызды өзіміз сүйреп жүргізетіндей көріп немесе жұмыстан қалсақ, пойыз жүрмей қалатындай сезініп, жан аямай еңбек еттік», – деп теміржолдағы жұмыстың жауапкершілігі жайлы әңгімелегенді ұнатады екен.

Майданнан оралған Бұғыбай қария Шиелі станциясында еңбек етіп, зейнетке шығады. Кеудесінде «Отан соғысы» ордені мен «Г.К.Жуков медалі», ҰОС жеңісінің мерейтойлық кеуде белгілері жарқыраған қария төрт қыз, үш ұлынан тараған немере-шөберелерінің арасында қамсыз қарттығын кешіп отыр. Ұрпағына соғыссыз бейбіт өмір тілейді.

*Азамат ҚҰЛЫМБЕТ, Қызылорда*
Суретті түсірген Өмірбай ТҮМЕНБАЙ

# ТАРАСОВТЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛЫ

Соғыс ардагерлерінің қатары жыл санап азайып келеді. Сондықтан олардың әр күніне құрмет көрсетсек, артықтық етпейді. Сол жастық шағы соғыс жылдарына тап келген ұрпақтардың арқасында біз бүгінгі бейбіт күнге жетіп отырғанымызды бір сәт те ұмытпауға тиіспіз.



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
*Шымкент*

Тамбовта туған соғыс ардагері Николай Гаврилович Тарасовқа Шымкентте өмір сүру жазыпты. 94 жастағы қарт майдангер жалғыз қызы Светаның қолында Шымкентте тұрады. Бір немере, 3 шөбересі бар.

Мерекеге орай құттықтап барған бізді қуана қарсы алды. Келетінімді алдын ала ескертіп қойғандықтан ардагер костюмін киіп, орден-медальдарын тағып алыпты. Соғысқа шақырған әскери билетін, сонау 1946 жылдан бері сақтап келе жатқан әскери құжаттарын, фотоларын көрсетіп, әңгімесін айтып, өткен күннің естелігі жанын жадыратқандай қария бір жасап қалды.

Николай Тарасов 1925 жылы 2 желтоқсанда Тамбов облысында шаруа отбасында дүниеге келген. 1934 жылы мектепке барып, соғыстың басталып кетуіне байланысты оқуын тоқтатуға мәжбүр болады. 1942 жылы Совет армиясының қатарына шақырылып, бірден майданға жөнелтіледі. Николай атайдың айтуынша, оларды алдымен Балтық жағалауындағы 385-арнайы зенитті дивизионның 3-ші батареясына алып келген. Тарасов сол жерде 85 мм зенитті пушкалардың яғни зеңбірек нысанашысы болады. 1943 жылы қазан айында 6 адам басқаратын зеңбіректің командирі болып тағайындалады. Бұл қаруды Балтық аспанын жау ұшағынан қарсы қорғау үшін пайдаланған. Бұдан кейін дивизион Польша жеріне ауыстырылады.

«Великие Луки, Невель қалаларын басып өтіп, 1945 жылы ақпанда 385 дивизион 605 зенитті полктің құрамында Польша территориясына бет алдық. Варшаваға келген соң да ұшаққа қарсы тойтарыс беруді жалғастырдық. 8-9 мамыр жеңіс күнін осы Польшада қарсы алдым. Біздің 385 дивизион соғыстың соңына дейін сол жерде болды. Кейіннен бізді Беларусь жеріне ауыстырды. Сол жерде 1948 жылға дейін әскерде қызмет еттім. Соғыс біткен соң қару-жарақтың бәрін тізім бойынша қайтарып, Тамбов қаласына оралған соң, бір ай демалдым да вагон жөндейтін зауытқа дәнекерлеуші болып жұмысқа орналастым», – дейді ардагер соғыстан кейінгі жылдарын еске алып.

Алдымен столяр, кейіннен дәнекерлеуші болып еңбек ете жүріп, кешкі мектепті оқып бітіреді. Теміржол саласында кәсіби білім алады. 1965 жылы Шымкент жол бөлімшесіне ауысып келеді. Тамбов қаласынан Шымкентке қоныс тепкен Тарасов 1986 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін теміржол бөлімшесінде инспектор және инженер болып жұмыс істеген.

Николай Тарасов әңгімешіл жан екен, майдан даласында жерасты окоптарда ұйықтайтын кейде ғана етіктерін шешетіндерін, ал шинелдерін жамылып жататын болғандарын әңгімеледі. Зеңбірекпен жауларды көбіне күндіз емес, түнгі уақытта үркітіп отырыпты. Ал Польшада казармада тұрған. Ол жерде күн сайын фрицтерді көретінін, олар қарсылық білдірген жағдайда қару қолдануға болғанын айтады. 1945 жылы дәл 9 мамыр күні жарылған снарядтан жараланып, госпитальға түсіп қалыпты. Айтуынша, 9 мамыр жеңіс күнінен кейін де біразға дейін бомбалар жарылып, соғыс жалғасқан.

Бүгінде бейбіт заманда күн кешіп жатқан ардагер ІІ Ұлы Отан соғысы ордені мен «Германияны жеңгені үшін» медалімен, мерейтойлық төсбелгілермен марапатталған.

Қоштасарда қолымызды қысып, бетімізден сүйген қарт майдангер «Біз көрген сұмдықты қазіргі ұрпақ көрмесін, бақытты болыңдар» деп батасын берді.

*Суретті түсірген автор*

**Қызылордалық Төлеген Жүнісов – көзі тірі санаулы майдангердің бірі. Тереңөзек ауданында туған ақсақал биыл 95 жасқа толып отыр. Ұлы Отан соғысына 1942 жылдың мамыр айында аттанып, майданда көрсеткен ерлігі үшін I дәрежелі «Ұлы Отан соғысы», «Германияны жеңгені үшін», «За боевые заслуги» және «За отвагу» секілді бірнеше орден, медальдармен наградталған.**

# ЖЕҢІС СОЛДАТЫ



Украина майданында соғысқан кіші сержант Төлеген Жүнісов жаяу әскер құрамында болған екен. Харьковты басқыншылардан тазартқаннан кейін жаудың соңынан түскен Қызыл Армия қатарында Украинаның Прискуров, Тернополь, Львов қалалары маңында жаумен шайқасады.

– Ол кез – Қызыл Армияның өз әскерін қару-жарақпен толық қамтамасыз ете бастаған кезеңі. Ал немістердің «Тигр» атты ағаш арасынан байқала бермейтін, тарғыл танкісінің соғысқа кірген уақыты болатын. Соғыстың қызып жатқан бір кезінде маған қарап жаудың екі «Тигрі» келе жатқанын байқап қалдым. Қолыма 5 килолық танкіге қарсы лақтыратын гранатты алып, танкіден тығылып үлгердім. Себебі, бұл танк соғыс қимылына қажетті құрал-жабдықпен жақсы жарақталған және де сол люк арқылы жан-жағын, алды-артын қарап бақылай алатын жетілдірілген түрі болатын. Егер танк ішінде неміс көріп қалса, аман қалдырмайтыны кәдік. Мен тығылдым десем де, танк маған тіке келе жатыр, жақын жерде қазулы жатқан траншеяға жасырындым. Танк дәл менің үстіме келіп шыр айнала бастады, алайда, танк бір айналғанда мен траншеядан қашып үлгердім. Менің алғаш жасырынған орнымда айналып, жерді жаншылап жатқан танк алға жылжығанда артынан келіп граната лақтырып, танкіні жарып жібердім, – дейді соғыс кезінде есте қалған сәттерді әңгімелеген жеңіс солдаты сол жолғы ерлігі үшін «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталыпты.

Жауды тысқырып қуған жеңімпаз Қызыл армия сапында Берлинге дейін жеткен майдангер жеңістен кейін елге қайтарылмай Берлинде қалып, қала маңында «патрульдік» қызмет атқарады.

– Қызметіміз қаладағы тәртіптің сақталуын қадағалау болды, – деп еске алады Төлеген ата. – Соғыс аяқталғаннан кейін Германияның барлық қалаларында жеңімпаз Совет солдатының ерліктері бейнеленген суреттер ілінетін. Бұл немістерден кегімізді қайтарудың бір жолы деп түсіндік. Біздер кезекшілікпен қаланы бақылауға шығамыз. Бір күні бір неміс әйелінің жинаулы тұрған мая шөптің үстіне саты қойып шығып жүргенін байқадым. Әйел ымырт түсе бастағанда қолына шелек алып маяның үстіне шығады да қайтадан жерге түседі. Не де болса мына шөптің астында біреудің жасырылғанын сездік те, андуға кірістік. Маяның ішіне жасырынған жоғары шенді неміс офицері, жаңағы әйелдің күйеуі екен, қолға түсіріп, тиісті жерге өткіздік.

1946 жылы Ұлы Отан соғысынан оралған Төлеген Жүнісов өз ауылына келіп, бейбіт еңбекке араласады. Теміржолдағы жұмысы жол монтері болудан басталады. Тозығы жеткен шпалдарды ауыстыру, төсеу, шегендеп қағып, бекіту секілді жұмыстарды тастай етіп кәсібіне тез төселеді.

Кейін Қараөзек станциясында ОРС НОД-тың жылжымалы вагон-дүкенінде сатушы қызметін атқарады. 1983 жылы зейнет демалысына шыққанға дейін Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясында еңбек етеді. Қызметі аймақтағы 31-бекет пен Арал теңізі станциясына дейінгі аралықтағы белгі беру және байланыс дистанциясының өндірістік жұмысына қажетті құрылғыларды керекті нүктелерге жеткізіп беру болыпты.

– 18 жасымнан бастап соғысқа қатыстым. Осы жастан бастап адам қанын төгуге мәжбүр болдым. Қазір осы жайлар мені толғандырады. Өйткені мен жаудың жауынгерін өлтірдім, ал оны өлтірмесең ол сені өлтіреді. Бірақ жау дегенмен ол да адам баласы ғой. Адам қанын төгу оңай емес, қарақтарым, Отан үшін отқа түстік. Ол от бізді жаудан аман алып қалды. Бірақ талай боздақ менің жасымда, тіпті кейбірі менен де жас шағында қыршын қиылып жатты. Кейде кебінмен емес, кебенекпен көмілген боздақтар, майдандастар есіме түскенде, мен ертең Құдайдың алдына барғанда не деп жауап берер екенмін деп ойланамын, – деп толғанған қарияны жұбатуға тырыстық...

Адал еңбекпен күн көріп, төрт бала өсіріп, олардан сегіз немере, екі шөбере сүйіп отырған қарияға қалалық әкімшілік тарапынан 2010 жылы бір бөлмелі үй беріліпті.

**Сабыр СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,** *Қызылорда*
*Суретті түсірген автор*

**Калтай САМБЕТОВ:**

# ГОРЖУСЬ ПРОФЕССИЕЙ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКА

Калтай Самбетов – известный железнодорожник в Казахстане и за его пределами, посвятивший свою жизнь стальной магистрали. Ему исполняется 80 лет, и он продолжает трудиться на железнодорожном транспорте. Первая запись в трудовой книжке сделана в далеком 1958 году. Трудовой путь он начал в 18 лет. За эти годы на карте не осталось ни одной станции, на которой бы он не побывал, принял участие в строительстве или развитии.
Однажды находился в командировках в общей сложности 270 дней в году. И по-прежнему находится не только в своем кабинете, в здании Алматинского отделения но и в центральном офисе ҚТЖ, а также на самых важных транспортных строительных площадках, станциях и разъездах республики.



**КАК ЗАКАЛЯЛСЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК**

В начале 1958 года Калтай Самбетов прибыл на производственную практику на маленький полустанок легендарной Туркестано-Сибирской железной дороги, скоро его приняли на работу электромонтером 21-го разъезда Аягузской дистанции сигнализации и связи. Здесь получил свою первую зарплату, здесь началась трудовая биография. Поэтому он по праву считает себя «турксибовцем».

В Казахстане шло широкомасштабное развитие промышленности, освоение целины. Железные дороги приобретали особое значение, они объединяли Сибирь со Средней Азией. Это была эра бурного роста созданной в июле 1958 года Казахской железной дороги.

На Семипалатинском и Аягузском направлениях Калтай Самбетов «захватил» внедрение технических средств, развитие первой автоматики, телемеханики, диспетчерской централизации и связи. Позже, перебравшись в Чуйскую и Джамбулскую дистанции сигнализации и связи, продолжил свои «университеты». Ход Мойынты – Чу – Арысь и Алматы – Чу были узким горлышком. И на этих участках происходило интенсивное развитие, строительство вторых путей, разъездов, внедрение новой техники.

**ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РОСТ**

В этот период вплоть до 1976 года молодой специалист прошел все стадии профессионального становления. Грамотного, энергичного специалиста, способного решать большие вопросы, быстро заметили. В 27-28 лет он стал главным инженером, первым руководителем Чуйской дистанции, а затем и главным инженером службы сигнализации и связи Казахской железной дороги. Так росли национальные кадры. Период был трудный, опыт набирался в процессе работы и учебы.

Судьба сводила с величайшими и известными железнодорожниками, вложившими огромный вклад в развитие и совершенствование железнодорожного транспорта Казахстана. Легендарный начальник Джамбулского отделения Байзак Прманов, начальник Казахской железной дороги Геннадий Виноградов, председатель Дорпрофсожа Рымбек Турганбаев, начальник службы сигнализации Николай Спирин и многие другие. Работал Калтай Самбетов и в подчинении легендарного Кудайбергена Кобжасарова, у него научился многому в жизни – твердой воле, требовательности, высокой ответственности, решительности. Он был для молодого специалиста настоящим наставником и учителем. В Аягозе учился у тех, кто приезжал осваивать новую технику из России, в том числе старшего инженера диспетчерской централизации Анатолия Миклина. Благодаря этим людям и своей настойчивости в труде закалился, стал специалистом высшего класса.

Всю железную дорогу Казахстана он обошел пешком, объездил на поездах и автомобилях. Первым участком, который возводил, были 303 километра линии Астрахань – Гурьев. Здесь в 1970 году он находился безвылазно около шести месяцев. Прошел большую школу. В этот период шло усиление направлений Атырау – Макат – Кандыагач, Макат – Бейнеу – Мангышлак.

Самая плодотворная работа пришлась на 1967-1976 годы.

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ МЫШЛЕНИЕ**

1976-1982 годы, когда работал заместителем заведующего отделом транспорта и связи Комитета народного контроля Казахской ССР, а затем заместителем заведующего отделом транспорта и связи ЦК Компартии Казахстана, для Калтая Самбетова стали своего рода школой понимания государственных задач и проблем. Здесь формировалось государственное мышление, осознание важности эффективности и производительности работы всей транспортной отрасли страны.

– Эти годы – незабываемые, очень дороги мне. Я работал рядом с яркими и выдающимися личностями государства. Динмухамед Кунаев, Нурсултан Назарбаев. В процессе работы с ними я получал опыт, они были моими наставниками на всю жизнь. Нурсултан Абишевич непосредственно руководил нашим отделом, работа с ним была школой понимания ответственности государственных задач, – подчеркивает Калтай Самбетов.

Он вспоминает, как в 1981-м проехал участок Караганда – Мойынты – Чу. Участок являлся узким горлом. В то же время работы по внешнему энергоснабжению шли с большим отставанием от намеченных планов. Проинформировал об этом руководство. Серьезное обсуждение проблемы состоялось у Нурсултана Назарбаева с приглашением министров энергетики, экономики, руководителей железной дороги, строительных комплексов. В результате было принято программное решение об ускорении развития внешнего электроснабжения региона и электрификации. Дело пошло энергично.

**ЭЛЕКТРИФИКАЦИЯ… БЕЗ ДЕНЕГ**

Серьезные проблемы электрификации пришлось решать и позднее – уже после развала большой страны на линии Арысь – Чу – Алматы. Проект был архиважный, а денег у независимого Казахстана на него не было.

В этот период Калтай Самбетов работал главным инженером – первым заместителем руководителя Алматинской железной дороги, впоследствии добавили обязанности главного экономиста. Цель была ясна – заработанные деньги очень экономно использовать, чтобы ни одной копейки не было потрачено неэффективно. Он дневал и ночевал на стройке. Выстояли, справились, в намеченные сроки участок за участком сдавали в эксплуатацию.

4 января 1995 года соединили электрифицированные участки севера с югом. Открытие участка произвел Глава государства Нурсултан Назарбаев. Он отметил, что наряду с другими стройками эта войдет в славную летопись трудовых свершений народа Казахстана:

– Это была настоящая народная стройка, которую можно по праву назвать стройкой мужества.

Многие получили заслуженные награды за эффективный труд и личный вклад в электрификацию. А Калтаю Самбетову Указом Президента РК присвоено почетное звание «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері».

1989-1995 годы были самым тяжелым временем для всей страны, для железных дорог особенно. Денег в стране нет, экономика встала. А перевозить надо, останавливать поезда нельзя.

– Как удалось выжить? Люди ответственно относились к труду. Рационально использовали материальные ресурсы, повсеместно внедряли ресурсосберегающие технологии во всех отраслях сложной железной дороги, удлиняли ресурсы рельсов, тепловозов, вагонов и других технических средств, – вспоминает ветеран. – Все трудности легли на плечи железнодорожников. Выстояли за счет проведения правильной технической политики, ответственного отношения к делу каждого.

**СТРОЙКИ С ОТЛИЧНЫМ КАЧЕСТВОМ**

Простое перечисление новых и модернизированных железных дорог, объектов электрификации, крупных железнодорожных узлов, в строительстве и развитии которых либо командовал штабом, либо принимал непосредственное активное участие Калтай Самбетов, занимает много страниц текста. Это Гурьев – Астрахань, Балхаш – Саяк, Аксу – Дегелен, Хромтау – Алтынсарин, Шар – Усть-Каменогорск, Жетыген – Хоргос; линии на участках Мангышлак – Макат, Атырау – Кандыагач; вторые пути участка Арысь – Чу – Алматы, Чу – Мойынты – Караганда, Целиноград – Кокшетау – Володарская, Арысь – Туркестан; крупные узлы Арысь, Кандыагач, Макат, Гурьев, Чу, Павлодар, Целиноград, Тобол, Жамбыл, Семипалатинск, Достык; электрификация линий Арысь – Чу – Алматы, Чу – Мойынты – Караганда, Екибастуз – Павлодар. Значительный вклад внес в развитие и внедрение автоматики, телемеханики и связи на железной дороге Казахстана, строительство социально-бытовых объектов, вокзалов, жилья для железнодорожников и многое другое.

В годы независимости важно было соединить все регионы единой сетью внутренних железных дорог. Первой необходимой стройкой были 184 километров линии Аксу – Дегелен в сложных 2000-2001 годах. Самбетов руководил штабом с первого до последнего дня. В итоге с севера на восток Казахстана уголь пошел напрямую без задержек.

В день открытия движения на этой линии в режиме телеэфира Глава государства дал команду тогдашнему руководителю Правительства Даниалу Ахметову забить первый костыль на участке Хромтау – Алтынсарин. Через два года сдали и эту линию. Позже были введены в эксплуатацию участки Шар – Усть-Каменогорск и многие другие километры.

А в последние годы он контролировал ход строительства вторых путей на важном участке Алматы – Шу. И все знали, что благодаря его энергии, настойчивости, требовательности этот проект был сдан в срок и с высоким качеством.

Однажды Глава государства поделился мечтой просто проехать на поезде по всем вновь построенным казахстанским железным дорогам. Об этом сегодня мечтает и Калтай Самбетов. Ему знаком здесь каждый разъезд, посты ЭЦ и все остальные атрибуты дороги.

Когда в Луговой произошло землетрясение, разрушились дома железнодорожников, школа и другие производственные объекты, Калтая Самбетова назначили начальником штаба по восстановлению разрушенных объектов. В течение 5 месяцев восстановили разрушенное жилье 470 семьям, школу, посты ЭЦ и другие производственные объекты. Построили 350 новых квартир для железнодорожников и новую школу. Эти работы были выполнены за счет собственных средств АО «НК «Қазақстан темір жолы» и переданы безвозмездно железнодорожникам. Таких примеров можно привести очень много.

**ЕДИНСТВО ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ**

Калтай Самбетов стоял у истоков образования Совета по железнодорожному транспорту СНГ. 17 лет представлял железные дороги Казахстана на заседаниях Совета, защищал интересы республики. Добились сохранения связей с Россией, Узбекистаном, Кыргызстаном и другими странами, успешно координировали деятельность железнодорожных администраций.

– С РЖД у нас 11 совместных стыков из действующих 17. Поэтому важно четкое взаимодействие. Дружеское взаимопонимание, слаженность дают эффект. И ко всем остальным, даже небольшим дорогам, относились уважительно, во всем поддерживали, – отмечает железнодорожник.

В ноябре 2001 года Совет по железнодорожному транспорту за значительный вклад в укрепление и развитие сотрудничества и взаимодействия железнодорожных администраций в осуществлении перевозки пассажиров и грузов, обеспечение эффективной работы железнодорожного транспорта международного сообщения наградил Калтая Самбетова Почетной грамотой. В 2009 году он награжден знаком «За заслуги в развитии ОАО «Российские железные дороги» I степени.

Хорошие связи были налажены с железнодорожниками не только колеи 1520, но и Китая, Европы.

– Железная дорога – это своего рода кровеносный сосуд. Соединяет все государства и узкой, и широкой колеей. Технология должна быть так отработана, чтобы поезда на стыках не стояли долго. Нужно четкое взаимодействие, взаимопонимание, – считает ветеран отрасли.

**ДРУЖБА НАВСЕГДА**

Сегодня Калтай Самбетов по праву гордится созданием международного железнодорожного перехода Дружба (Достык) – Алашанькоу. В те годы он с первого дня возглавлял восстановительную работу станции Дружба и линий Дружба – Актогай, модернизацию и расширение пропускной способности этого первого международного перехода.

Развитие станции Дружба началось в 1988 году. А уже в 1991-м пропустили первый грузовой состав. Через год был торжественно отправлен первый пассажирский поезд, в церемонии его отправления участвовал Нурсултан Назарбаев, который с первого дня держал на постоянном контроле этот важный межгосударственный проект.

Позднее Глава государства поставил цель по наращиванию транзитного потенциала страны. Его поручение по строительству линии Жетыген – Хоргос и второго погранперехода было успешно выполнено.

– Сегодня Казахстан стал крупным транзитным логистическим хабом. Это большое дело, – не сомневается Калтай Самбетов.

**ПОЧЕТНАЯ ПРОФЕССИЯ!**

Сегодня ветеран железнодорожного транспорта Калтай Самбетов является заслуженным работником РК, Почетным железнодорожником, Почетным гражданином Шуского района, членом Консультативного совета АО «НК «ҚТЖ». За многолетний и плодотворный труд, огромный вклад в развитие и совершенствование железной дороги Казахстана награжден двумя орденами «Парасат», «Құрмет», двумя орденами Трудового Красного Знамени, медалями, почетными грамотами и другими знаками отличия.

Всегда патриотично относился к железным дорогам. Как бы тяжело ни было, оставался преданным своему делу. Его всегда отличали знания, трудолюбие, неиссякаемая энергия, беспокойный характер, желание все сделать четко, вникая во все мелочи. Все эти качества позволили ему стать крупным руководителем АО «НК «ҚТЖ», специалистом дорожного дела. Он воспитал не одно поколение железнодорожников. Калтай Самбетов уверен, что профессия железнодорожника – одна из самых почетных.

– Она требует определенных качеств – самоотдачи, трудолюбия, высокой дисциплины, высочайшей квалификации. Самое главное – преданность и честное служение. Жизнь моя прошла ярко. Вся она отдана железной дороге Казахстана. Вместе с моими соратниками Нигматжаном Исингариным, Маратом Хамзиным, Александром Стародубом, Амангельды Омаровым, Аби Саркыншаковым, Бертраном Рубинштейном, многими и многими другими мы крепили своим трудом нашу железную дорогу, которая стала мощной и современной. За рекордно короткие сроки построено более 2500 километров магистральных железнодорожных линий. Сегодня Казахстан выпускает свои тепловозы, электровозы и вагоны. Построен завод по выпуску локомотивов и скоростных пассажирских вагонов «Тальго», рельсобалочный завод в Актобе, который полностью обеспечивает потребность железной дороги Казахстана. То есть, исполняюся давние мечты ветеранов-железнодорожников. Все эти грандиозные крупные проекты радуют нас. И сегодня желаем ей дальнейшего процветания! Надеемся, что наши славные традиции железнодорожников будут и далее продолжены, – подчеркивает Калтай Самбетов.

**Ирина БЕКТИЯРОВА,** *Алматы*

***Марат ХАМЗИН,***
***Почетный железнодорожник:***

*– За долгие годы в жизни Калтая Самбетовича произошло много изменений и значительных событий, связанных со стальной магистралью. Но самые яркие – с момента обретения независимости Казахстана, когда железные дороги республики стали самостоятельно определять стратегию своего развития, начали коренную реконструкцию отрасли. Так, были построены новые дороги: Дегелен – Аксу, Хромтау – Алтынсарин, Усть-Каменогорск – Чарск, Жетыген – Хоргос, Жезказган – Саксаульская, Чалкар – Бейнеу, Аркалык – Шубарколь и другие. И во всех этих проектах есть доля труда Калтая Самбетова. Он как истинный железнодорожник, патриот, профессионал, всегда на передовом крае и там, где нужно решать трудные задачи. Его авторитет был и есть непререкаем. И это заслужено его 60-летним трудом на железнодорожном транспорте.*

*Калтай Самбетович является достойным примером служения своей профессии и Родине и для всех железнодорожников Казахстана.*

***Канат МУХАМЕДЖАНОВ,***
***ветеран железнодорожного транспорта:***

*– Впервые я познакомился с Калтаем Самбетовым осенью 1970 года. Он осматривал введенное в августе устройство электрической централизации станции Тюлькубас и обратил мое внимание на несоответствие в технической документации и низкую изоляцию электрических цепей. Впоследствии в своей работе я старался не допускать отклонения подобного характера в техническом содержании устройств.*

*В семидесятые годы железнодорожный стык между Казахстаном и Средней Азией проходил по станции Ченгельды. Ежесуточный обмен 70 пар поездов осуществлялся с большим трудом. В один из жарких летних дней 1973 года случился пожар и сгорели распорядительный пост и аппарат механической централизации, практически единственно оставшиеся на дороге. Замерла станция, прекратилась передача грузов между дорогами. Временный вариант движения без технических средств СЦБ мог существовать в течение лишь нескольких дней. Решение и порядок исправления аппарата МЦ принял Калтай Самбетов оперативно, направленный лично начальником дороги для руководства и организации восстановления. Ценой неимоверных усилий и поисков в течение двух суток удалось завершить восстановительные работы и включить механическую централизацию стрелок и сигналов.*

*Уважаемый всеми наставник и великий труженик Калтай Самбетов и сегодня в первых рядах железнодорожников, опоры Республики Казахстан.*

*С юбилеем, здоровья Вам и долгих лет жизни!*

***Баймұхамбетов ҚУАНДЫҚ,***
***Құрметті теміржолшы, Білім саласының үздігі, «Құрмет» орденінің иегері:***

*– Қалтай Сәмбетов – саналы ғұмырын Қазақстан теміржол көлігін дамытуға арнаған біртуар азамат. Ол – Қазақстан теміржолы, оның ішінде сигнал беру және байланыс шаруашылығының басы-қасында алпыс жыл жүрген нағыз тарлан теміржолшы.*

*Қалтай ағамыз сондай үлкен шаруаның арасында теміржолшылар дайындайтын оқу орындарын да назардан тыс қалдырған жоқ. Соның ішінде біздің Алматы көлік және коммуникациялар колледжінің қалыптасуы мен дамуына, колледждің дәрісханалары мен зертханаларын қазіргі заманғы құрал-жабдықпен, оқу тренажерларымен жабдықтауға көп еңбек сіңірді. «Медеу» станциясы электр орталықтандырудың жаңа жүйесімен жабдықталғаннан кейін осы станцияның бұрынғы жабдығын колледжге бергізді. Соның негізінде студенттеріміз станциядағы пойыз қозғалысын практикалық тұрғыда оқуға мүмкіндік алды. Олар іс жүзінде станция кезекшісі, байланысшы, сигнал беру және байланыс монтерінің жұмысын, пойыз қабылдап-жөнелтуді нақты өндірістік құралмен оқып үйренді. Осындай қамқорлықтың арқасында колледж түлектері өндіріске барып еркін жұмыс істеп кетіп жатты. Бұл – Қалтай Сәмбетұлының жастарға және теміржол көлігінде жұмыс істеу үшін білікті маман даярлауға көңіл бөлетінінің бір жарқын мысалы.*

***Серікбай АҒМЕНТАЕВ,***
***Құрметті теміржолшы, «Құрмет» орденінің иегері:***

*– Мен Қалтай Сәмбетовті 1972 жылы Қазақ темір жолына диспетчер болып жұмысқа келген күннен бері білемін. 1977-1987 жылдары Шымкент жол бөлімшесінде қызмет атқарып, 1987 жылы Алматы жол бөлімшесі бастығының орынбасары болып Алматыға қайтып келгенімде Қалтай Сәмбетов Алматы темір жолы бастығының 1-ші орынбасары – бас инженері болатын.*

*1988 жылдан бастап Достық – Алашанькоу аралығындағы үш жүз шақырымдай теміржолды қалпына келтіріп, бүкіл жұмысты бірге атқардық. Халықаралық теміржол өткелін ашу үшін қытай тарабымен тығыз жұмыс істедік. Қиындық көп болды. Қытайлармен айына 4-5 рет кездесетінбіз. Екі жақтың теміржолға қойылатын талабын үйлестіріп отыру көп уақыт алатын. Кейде таласып, тартысып қалатынбыз. Сөйтіп жүріп олармен дос болып кеттік.*

*Мен Алматы жол бөлімшесі басшысы ретінде тұрақты түрде құрылыс барысын қадағалап, Қалтай ағамызбен бірге сол жолдың басы-қасында жүрдім. 1991 жылы 20 шілдеде алғашқы жүк пойызын жөнелтіп, халықаралық теміржол өткелін аштық. Қытай-Қазақстан шекарасы арқылы жүк өткізу жыл сайын миллиондап артып, 2009 жылы 18 млн тоннаға жетті. 2010-2014 ж.ж. Жетіген – Қорғас теміржолын салу барысында жоба жетекшісі болып, Қалтай ағамен тағы да қатар жұмыс істедік. Осылай, екі теміржол өткелінде де Қалтай ағамыздың зор үлесі бар.*

*Қалтай Сәмбетовті іскер басшы-ұйымдастырушы, үлкен ұстаз деп білемін. Қабілетті талай жасқа қамқор болды, оларды қызмет бабымен өсірді. Ақыл-кеңесін қашан да аямайтын адам. Сол үшін де бәріміз құрметтейміз, жақсы көреміз.*

*Оның жұмысқа жан-тәнімен берілгендігі, талап қойғыштығы, уақытпен санаспайтыны, шаршамайтыны біз үшін нағыз үлгі болды. Ол – нағыз теміржол тарланы.*

# КОНЦЛАГЕРЬ ТҰТҚЫНЫ БОЛҒАН КАТЯ ӘЖЕЙ



**Соғыс ардагері Екатерина Серафимовна Мордовия елінде дүниеге келген. Атырау өңірі бойынша теміржолшы соғыс ардагерлерінен қалған көзі тірі жалғыз адам.**

90-ға таяған соғыс және еңбек ардагерін теміржолшы әріптестері жыл сайын Жеңіс күні арнайы келіп құттықтайды. Катя әжей өз өмірінен тағылымды естеліктер айтып, концлагерьде болған үш жылын әлі күнге жаны түршіге еске алып отырады.

Ұлы Отан соғысы басталардың алдында әкесі Серафим Ксенофонтов 9 баласымен Карелияға көшіп келеді. Ол кезде Карелияның Совет Одағының құрамына кірген кезі еді, ал финдер жерлерін тастап қашып кеткен. Көп кешікпей соғыс басталады. Кішкентай Катя ол кезде 10 жаста еді. Финдер өз жерлеріне қайтып келіп, неміс басқыншыларымен бірге сол жерді басып алады. Жан-жақтан көшіп келіп тұрып жатқан халықтың бәрі, соның ішінде Катяның әкесі Серафимнің отбасы да тұтқынға түседі. «Көрмеген қорлығымыз жоқ. Көп адамдар немістер жағына шығып, сатылып кетті. Бәрінен де сол өз арамыздан шыққан сатқындардың озбырлығы немістерден де асып түсті. Ұрып соғу, ауыр жұмыстарға салу, аштан қатыру дегендей азаптаудың түр-түрін көрдік. Үлкендер орманды талдарды құлатып, ағаш шапты. Біз балалар оларды жинап, жаңқалар мен жапырақтарын жинап өртедік. Кешке сүйретіліп бараққа әрең жетеміз де тақтай төсектерге құлаймыз. Сөйтіп, Миехиккель концлагерінде 3 жыл 3 ай болып, бүкіл қорлық пен зорлықтың бәрін бастан кештік, көп адам бұл азапты өмірге шыдамай өліп кетті. 1944 жылдың күзінде Совет солдаттары келіп, азат етті ғой» деп еске алады Екатерина Серафимқызы.

Содан кейін жасөспірім Катя қыз асханада, медицина саласында санитар, басқа да әр түрлі жұмыстар жасап, есейе береді. Азат етуге келген солдаттар арасынан өзіне ерекше қамқорлық жасап жүрген жас жігітті ұнатып, жанына жақын тартып жүреді. Ол – Гурьевтегі Ганюшкино жетімдер үйінде өскен, сондағы поселкеден әскерге барған қазақ солдаты Абсатыров Уап (Вагаф) еді. Соғыс біткесін екеуі бас қосады да, Уаптың туған жері Атырауға келіп, әскери салада қызмет етеді. Ұл-қыз сүйеді. Кейіннен Уап бірге туған бауырларын да, анасын да іздеп тауып, табысады. Бірақ аты-жөні мен тегін өзгертпепті. Күйеуінің фамилиясына көшкен Абсатырова Екатерина соғыстан кейін Атырау локомотив депосында машинистердің демалыс үйіне кезекші болып жұмыс жасап, содан зейнеткерлікке шыққан. Ол фашист концлагерінің кәмелетке толмаған тұтқыны ретінде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгендер қатарына жатады және сол жеңілдіктерге толықтай құқылы.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ**, *Атырау*
*Суретті түсірген автор*

Тоқсаннан асқан Люба әжей бізді әдеттегідей жасанып, орден-медальдарын тағынып, мейірімді жанары күлімдеп қарсы алды. Шашы қудай әппақ қарияның көзінен нұры таймаған, жылылық пен шуақ тарайды. Бұл қанқұйлы соғыстың жалынын өшірген майдангердің болмысындағы өмірге деген құштарлық шығар деп ойлайсың...



# МЕДБИКЕ ЛЮБАНЫҢ ШИПАЛЫ МАХАББАТЫ

**Сабырхан НӘДІРБАЙ,**
*Қызылорда*



Соғыс және еңбек ардагері, медицина саласының запастағы капитаны Любовь Сергеевна Колесник – Қызылорда жол дистанциясының есебіндегі жалғыз майдангер. Сондықтан қызылордалық жолшылар қолдан келген қолғабысын Люба әжейге жасауда.

1925 жылы Оңтүстік Қазақстанның Арыс қаласында әскери қызметкер отбасында дүниеге келген Любовь Колесниктің отбасы 1941 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін Қызылорда қаласына қоныс аударады, 18 күн өткенде сұрапыл соғыс басталады...

Қызылордадағы медициналық техникумды тәмамдаған жас Люба Отанын жаудан қорғау үшін соғысқа аттанып, танымал қолбасшы Г.Жуков басқаратын І Беларусь майданына түседі. Мұнда Люба әжей жарақат алғандарға дәрігерлік көмек көрсету үшін дала госпиталіне жөнелтіледі.

Әскери қызметкердің отбасында өскен Любаға кез келген қиыншылыққа төзу ауыр соқпады, бірақ сәт сайын тұтқиылдан жасалатын әуе шабуылы, бомбылау кезінде жанын қоярға жер таппайтын жаралыларды қорғау, демеу болу Люба үшін өліп-тірілгенмен бірдей болатын. Тіпті кейде аспан жарылып жерге түскендей айналада не болып, не қойғанын аңғару мүмкін болмай қалатын деп еске алады қарт майдангер...

– Әрине ол кезде кез-келген ауыр жағдайға төзуге тура келетін. Дала госпиталі жеңіл жаралыларға арналғанмен, кейде ауыр жараланған жауынгерлер де жатқызылатын. Оларды соңымыздан келетін санитарлық пойызға тиеп жіберетінбіз, – дейді бір сәт өткен күндер елесіне кірген қария.

Соғыс өрті күн өткен сайын жан-жағын шарпып, жалмап барады. Госпиталь да армияның соңына ілесіп келеді. Белоруссияда, Польшада да ми батпақ ішінде далалық госпитальдің қазығы қағылып, жаралыларға жәрдем көрсетіледі. Кейде жаралылар шатыр астына сыймай, оларды жерге төселген ағаш бұтақтарының үстіне жатқызып, алғашқы көмек көрсеткен. Бас дәрігер бір тыным таппай жаралылар арасында жүгіріп жүретін жас медике қызға риза болып, «Біздің Любаның махаббатпен жасаған шипалы емі қанша солдатты қатарға қосты» деп еркелетеді екен.

Любовь Сергеевна жеңісті осы қалашықта қарсы алады. Бұл ұмытылмайтын күн еді. Фашистік Германияның тізе бүккен күні. Бүкіл елде жеңіс тойланып, «Ура! Біз жеңдік! Жеңіс! Гитлер капут!» деген совет солдаттарының дауысынан ауа жаңғырып тұрыпты. Қыркүйекте елге бет алған Люба Колесник Берлиннің танымал Бранденбург қақпасына «енді әлемде бейбітшілік болсын» деп атын жазып қалдырады.

1945 жылдың қыркүйегінде Қызылордаға жеңіспен оралған әскери капитан шеніндегі майдангер Любовь Сергеевна Қызылорда паровоз депосының медпунктіне фельдшер болып орналасып, зейнет жасына жеткенше жұмыс жасайды. Сол депода жұмыс жасап жүрген өзі секілді соғыстан келген Николай Севастьяновичпен бас қосып, Жеңістің қос солдатынан екі ұл, бір қыз туылады. Қызы Татьяна Червоненко бүгінде майдангер әжейге қамқорлық жасап отырса, ұлдарының бірі Ресейде, екіншісі Украинада тұрып жатыр екен.

Майдангердің қызы өзі де жетпіске аяқ басқан Татьяна Червоненко анасының бар жағдайын жасап, мәпелеп күтіп отыр. Анасының әлі де тың, жағдайының бірқалыпты екенін айтып, Жеңістің 75 жылдық мерейтойын көрсе деп тілейтінін білдірді. Сонымен қатар майдангердің жағдайына алаңдап, керек кезінде қол ұшын беруге дайын тұратын аймақ теміржолшыларына үлкен алғыс айтатынын жеткізді.

*Суретті түсірген*
*Өмірбай ТҮМЕНБАЙ*

# МАЙДАН МЕН ТЫЛДЫ ЖАЛҒАҒАН МАШИНИСТ

**Қызылорданың Аралқұм станциясында ғұмыр кешкен Нағашыбай Жолдығұлов локомотивке жасы қырыққа келген шағында отырып, соғыс кезінде майданға азық-түлік, оқ-дәрі тасымалдаған екен. «Ленин» ордені мен «Отан қорғағаны үшін» медалімен марапатталған теміржол тарланы 1987 жылы 88 жасында дүниеден өтті.**





Бүгінде тұтас бір теміржолшылар әулетін құрап отырған ұрпақтары батыр аталары туралы естеліктерімен бөлісті. Сонау 1902 жылы Жақсықылыш ауылсоветіне қарасты №9 елді мекенде жарық дүние есігін ашқан Нағашыбай ақсақал 12 жасында әкесінен жетім қалып, анасы мен шиеттей бауырларына қолқанат болып еңбекке ерте араласып, бала кезден шыңдалып өсіпті. 15 жасынан бастап, тіршілігі қайнаған темір жол саласына қара жұмысқа араласады. Ұлы Отан соғысы басталған шақта қамал бұзар 40 жасқа ат басын бұрған атпалдай азамат еді. Елдегі еркек кіндікті сол бір сұрапыл соғыстың алғы шебіне аттанып жатқан. Арнайы броньмен соғыстан қалдырылған кейіпкеріміз Қазалыдағы машинистер дайындайтын курсты бітіріп, машинист болып тылда бел шешпей еңбек етеді.

Сұрапыл соғысқа аттанған туған інісі Аққалидан соғыста ерлікпен қаза тапқаны туралы қаралы қағаз келеді. Бұл Нағашыбайдың қабырғасын қайыстырып, фашистерден кек алу үшін майданға сұранады. Бірақ депо басшылығы шақырып алып, теміржолға да пойыз жүргізетін машинист керек екенін, сондықтан тылда да фашизммен күресуге болатынын түсіндіріп, майданға қатынайтын арнайы эшелонды тасымалдауды ұсынады. Қуана келісіп, қанаттанған машинист паровозбен майдан даласына аттанады. 1942 жылы Львов жеріне азық-түлік, киім-кешек, оқ-дәрі және отын тиеп аттанған пойыз 2 ай дегенде елге әрең оралған екен. Сұрқы қашып, сүреңсіз кейіпке енген, оқ пен от бораған Псков және Львов қалаларында болған теміржолшы Нағашыбай Жолдығұлов сол сапарында соғыс деген сұрапылдың қандай қайғы-қасірет екенін көзбен көрген. Оқ пен оттың ортасында ажалмен қанша рет бетпе-бет келген сапарын бала-шағасына айтып отырады екен. «Айналамыз қаптаған жау, төбемізде ұшып жүрген жаудың бомбалаушы самолеттері, сондықтан күндіз станциялардан жырақ, көбіне ну орманды сағалап жасырынып тұрып, тек түнде жүріп отырдық. Қарша бораған жау оғының астынан өткен кездері болған. Шұрық-тесік болған вагондарды жол-жөнекей станцияларда теміржолшылар күндіз-түні жамап-жасқап, жолға салып отырады екен. Кейде алдарынан жолдар бұзылып, ол қалпына келгенше 3-4 күндеп далада қалатын жағдайлар да болған. «Іштей Аллаға сыйынып, күні-түні дұға жасап, отаным мен отбасымның амандығын тілеп талай оттың ортасынан шықтым» деп айтып отырады екен соғыстан ке-йін де ұзақ жылдар теміржол саласында сүйікті кәсібінде тер төгіп, халық шаруашылығын қалпына келтіруге атсалысқан ақсақал.

Иә, кейіпкеріміз 1951 жылы үкіметтің ең жоғарғы наградасы «Ленин» орденімен марапатталып, Коммунистік еңбек екпіндісі атанады. Отбасында да ағайын-туысқа қадірі артқан абыз кеуде ақсақал атанып, кемпірі Айдай екеуі 2 ұл, 2 қызды оқытып-тоқытып, өмір көшіне ілестіреді. Еңбекқор жандардың тәлімімен есейген ұлдары Тілеген мен Тілеубай да ата-ана жолын қуып, осы салада тер төгіп келеді. Бүгінде бұл әулеттен тарағандар теміржолда бір қауым ел. Жыл сайын 9 мамыр – Жеңіс күні немере мен шөбере буын аталарының портретін ұстап, «Мәңгілік полк» шеруіне қатысып жүр. Аталарының даңқты еңбек жолын олар мақтан тұтады.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
*Сурет отбасы архивінен*

# АУҒАН АЛАУЫ ЖАДЫМЫЗДА...

Қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша 27 Ауған соғысының ардагері еңбек етуде. Теміржол саласының майталмандарына айналған кешегі жауынгерлер бүгінде жас буын арасында патриоттық рухты қалыптастыруға елеулі үлес қосуда.



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
*Семей*

Мәселен, олар 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнінде ерлер арасында өткізілетін сайыстарға үнемі қолдау білдіріп, түрлі басқосуларда ерлік пен өрлік жайында тағылымды әңгіме қозғап тұрады.

Жас буын теміржолшылар, әсіресе вагон шаруашылығының білікті маманы, кешегі Ауған соғысында оқ пен оттың ортасынан оралған Бақытбек Қырықбаевтың соғыс өрті жайындағы шерткен әңгімелерін қызыға тыңдайды. Семейдегі вагон жөндеу депосында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп келе жатқан Бақытбек Ағзамұлы – Ауған елінің Құндыз уәлаятындағы Бағлан қалашығында, нағыз соғыс өртінің ортасында екі жыл бойы интернационалдық борышын адал орындап келген жауынгер.

Өңірі орден-медальға толы. Маңыздысы сол – ол күллі шығыс өңірі бойынша «Ауған халқының алғысы» төсбелгісін және «Ерлігі үшін!» медалін иеленген жалғыз адам. Бұл айрықша марапатты алуға себеп болған қантөгісті есіне алғанда еріксіз күрсінеді...

– Ауған жерінде қарапайым қатардағы жауынгер ретінде автокөлік жүргізушісі-механик қызметін атқардым. Тау ішіндегі биік асулармен қару-жарақ, жанармай, азық-түлік, құрылыс заттары мен түрлі материалдар тасымалдайтындықтан бұл ең қауіпті міндет болатын. Жиі-жиі жау тосқауылына тап боламыз. Бірде терең сай ішінде қоршауда қалдық. Алдымызда кетіп бара жатқан көліктер ұзап кеткен болатын. Соңымда қалған машинаның жүргізушісі кабинадан шығып, құлап түскенін көлік айнасынан көзім шалып қалды. Армян жігіті еді, аяғынан оқ тиіп, ауыр жараланыпты. Сол сәттерде оқ та борап кетті. Жер бауырлап еңбектеп барып, жаралы қаруласымды кабинаға алып, атыса отырып, жау қоршауын бұзып шықтым, – дейді отты күндер жайындағы естелік әңгімесінде.

Осы қаһармандығы үшін Бақытбек Қырықбаев «Ерлігі үшін!» медалімен наградталыпты. Бүгінде «Шығыс» өңірлік әскери қолбасшылығы оны түрлі жиындар мен жастармен өтетін басқосуларға жиі шақырып тұрады.

Тағы бір естелігінде тау етегіндегі бекетте күзетте тұрған шақта қауіпті топты тұтқынға алғаны туралы баяндап берді.

– Суыт жүрісті төрт ауғандықты тоқтаттым. Өздерін: «диқанбыз, егістікті суаруға бара жатырмыз» деп таныстырды. Алайда, кеңес әскерилеріне кектене қарайтыны, суық жүздері, қолдарында кетпен-қайласының болмауы күдік тудырды. Жүріп өткен іздерін тексере келе, бұта түбіне жасырған қару-жарақтарын тауып алдық. Егер өткізіп алғанда ту сыртымыздан соққы берері анық еді. Ауған жерінде борышын өтеген сарбаздарды тек оқ пен оттың ортасында, ұрыс қимылдарында ғана жүретін, қарсы келгеннің бәрін қырып салатын әскери адам болған деп ойлау – қате пікір. Біздің сарбаздар Кабул, Кандагар, Құндыз сынды қалаларда Ауған жастары үшін жоғары оқу орындарының ғимараттарын салды. Ауруханалар, тұрғын үйлер, мектептер тұрғызды. Кеңес агрономдары сұрыптап шығарған күріш алқаптарына арнап суқоймаларын салды. Қысқасы, бауырлас Ауған халқының игілігі үшін үлкен көмек жасады. Өкініштісі, ол туралы БАҚ-та көп айтыла бермейді, – дейді ағамыз.

Бір ғажабы, семейлік теміржолшылар арасында Ауған соғысына қатысқан ардагерлердің басым көпшілігі вагон шаруашылығында еңбек етіпті. Мәселен, бүгінде бақилық болған Ербол Мусин, Талғат Құрамысов, Игорь Чабасов есімі әлі күнге дейін әріптестерінің жадында.

*Суретті түсірген автор*

Есенжол Баймұқанов – ел алдындағы әскери борышын 1980-ші жылдары Кеңестік Қарулы күштер қатарында Ауғанстанда өтеп келген жан. Бүгінде Магистральдық желі дирекциясының Техникалық даму департаментінде 1-дәрежелі менеджер болып жұмыс істейді.

**Сұлугүл БАКЕСОВА**



– Мен 8 сыныпты бітіргеннен кейін Целиноград темір жол көлігі техникумына оқуға түсіп, оны «Тиеу жұмыстарының механизациясы» мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Техникумнан кейін әскерге шақырылдым. Басында Семейде, сосын Отарда әскери дайындықтан өтіп жаттық, кейін бізді Ауғанмен шекаралас Түркіменстанның Кушка қаласына жіберді. Семейде жүргенімізде Ауғандық бауырлас халыққа интернационалдық көмек көрсетуге келісеміз деп жаздыртып алды. 1979 жылы Ауған жеріне бірінші әскери бекініс орнатылды. Бізде әскери рота жасақталып, жаяу әскер полкінен, қазақтың жігіттерінен ең үздік 10 механикті іріктеп алды. Мен солардың қатарында болдым. Үш айдай оқу-жаттығудан өткен соң бірден Кандагарға бардық. Шындандағы әскери әуежайды қорғауға алдық. Фарахқа бардық, Ауғанстанның басқа қалаларына да рейдке шығып тұрдық. Ал мені жөндеу ротасына жіберді. Менің міндетім, двигательді, тағысын тағы техникаларға жөндеу жұмыстарын жүргізу болатын. Сондықтан рейдке көп шықпадым. Маджахедтермен болып жатқан соғысқа тойтарыс беру болатын біздің миссиямыз. Алғашқы жылдары олар партизандар сияқты ара-арасында ұрысқа шығып тұрды. Кейін күш алды ғой. Ал біз 1980 жылы елге оралдық, – дейді Есенжол Ешкенұлы.

Елге оралған соң интернационалист-жауынгер өмірін теміржолмен байланыстырып, Ақмола жол дистанциясына жұмысқа тұрыпты. Жол бригадирі, механик-реттеуші, дефектоскоп вагонының инженері, вагон бастығының орынбасары сияқты қызметтерді атқарып, 1997-2001 жылдар аралығында Бас жол басқармасының Ақмола филиалы бойынша жолды диагностикалау орталығын басқарыпты. Ал кейінгі төрт жылда Жол басқармасының жобалық конструкторлық-технологиялық бюроның перспективалы әзірлемелер бюросын басқарып, кейінгі бір жылда Ғылыми-өндірістік орталықтың жол шаруашылығын дамыту бөліміне жетекшілік етеді. Соңғы он бес жылдан бері Техникалық даму департаментінде бөлімді басқарып келеді.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

В этом году исполнилось 30 лет со дня вывода советских войск из Афганистана, но эхо этой продолжительной войны слышно до сих пор. Ее участники живут и трудятся среди нас. Работники сортировочной горки станции Нур-Султан Владимир Сибгатуллин и Даурен Утекеев – гордость коллектива и образец мужества. Их характер закалил не только труд на ответственной работе, но и огонь боевых действий.

# ГЕРОИ РЯДОМ

Любовь РОВБА

Дружбе коллег-железнодорожников тоже без малого 30 лет.

– Мы служили в разное время и познакомились уже по возвращении из Афганистана. С 1990 года трудимся бок о бок, отмечаем вместе памятные даты – 15 февраля возлагаем цветы к памятнику воинам-афганцам, в День воздушно-десантных войск посещаем могилы сослуживцев. Мы помним и чтим наших боевых товарищей, которые остались там навсегда, и дорожим дружбой с теми, кто вернулся домой живым, – поделился дежурный сортировочной горки Даурен Утекеев.

Он, как и многие воины-интернационалисты, не любит рассказывать о войне.

– В августе 1987 года мне исполнилось 18 лет, а в ноябре того же года призвали в армию – в пограничные войска. На тот момент я окончил Целиноградский техникум железнодорожного транспорта и планировал пойти по стопам отца-железнодорожника. Но приказ есть приказ, – вспоминает Даурен Утекеев. – Мы до последнего не знали, где будем служить, хотя посещали мысли об Афганистане. Так и вышло. После обучения на вертолетах были доставлены в пункт назначения – на таджикско-афганскую границу. Два года я служил в разведке. Разное повидал. И новость о выводе войск застала там же. Это был очень радостный день для всех нас.

Война накладывает свой отпечаток на всю жизнь, признается воин-интернационалист:



– Независимо от того, где ты находишься – на фронте или в тылу. Меняются взгляды, приходит осознание, что такое мир.

В 1990 году он вернулся на родную станцию Целиноград и устроился регулировщиком скорости движения вагонов. Потом был переведен оператором по сортировочной горке, а с 1991 года по настоящее время работает дежурным сортировочной горки.

У Даурена – двое сыновей и дочка, недавно он стал дедушкой двоих внуков. Может, кто-то из них однажды выберет профессию железнодорожника?

Владимир Сибгатуллин – тоже потомственный железнодорожник. Его отец Салик Шакирович всю жизнь посвятил работе в этой отрасли, а дядя Рахим Сибгатуллин был одним из первых выпускников тогда еще Акмолинского техникума железнодорожного транспорта по специальности «эксплуатация железных дорог», учился в группе Д-2.

– По его примеру я тоже выбрал эту специальность. И спустя несколько десятков лет оказался в группе Д-68. Начинал, как и многие, помощником составителя, в разные годы был регулировщиком, дежурным парка формирования, оператором маневровой вышки, а с 1992 года – оператор сортировочной горки.

За годы многолетнего труда Владимир Саликович обучил немало молодых коллег, сегодня он самый опытный работник сортировочной горки, а также единственный в коллективе, кто успел поработать на трех пультах управления – от ГАЦ КГМ до ГАЦ-ГРС-ГТСС.

– Наша работа очень ответственная, напряженная. Она схожа с ездой на автомобиле: нужно быть очень внимательным, контролировать безопасный роспуск вагонов, все выполнять технично, по правилам. Если ты невнимателен на дороге, это может привести к негативным последствиям, то же самое у нас, – говорит он. – Я ни разу не пожалел о выбранной профессии.

В Афганистан Владимир Сибгатуллин попал в 20 лет. Выпускник техникума проходил практику на станции, а по вечерам по направлению военкомата учился на водительских курсах.

– Это был 1982 год, и я знал, что нас готовят для службы в Афганистане. Попал в автомобильные войска, где в составе военной колонны возил грузы по маршруту Термез – Кабул. Главная задача – это доставка стройматериалов, топлива, боеприпасов и многого другого. По 500 километров, через два перевала. Подъем в гору. Скалы и ущелья. Постоянное ожидание обстрела, – вспоминает он. – Сначала страшно… потом привыкаешь. У войны одно лицо. И нет ничего хуже этой беды. Конечно, она закаляет характер, но кто в этой кухне побывал, у него на всю жизнь остается синдром войны. Этого не объяснить словами, это что-то непроходящее, гнетущее где-то в глубине души.

Он признается, что там сумел осознать, насколько хрупкое понятие жизнь. Вместе с Дауреном Утекеевым каждый год он приходит почтить память товарищей.

– Мужчина, прошедший войну, всю жизнь будет помнить эти годы, своих сослуживцев и командиров, – добавляет он. – Память об их подвиге дает силы жить полноценной жизнью – я слежу за здоровьем, занимаюсь спортом, люблю рыбалку, занимаюсь садоводством на своем дачном участке.

Говоря о подвигах товарищей, Даурен и Владимир скромно умалчивают о своих, но и без слов понятно, что они – настоящие герои нашего времени.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*




# УРОКИ МУЖЕСТВА

**Газоэлектросварщик стройгруппы Павлодарского отделения ГП Владимир Захарюта и помощник машиниста Павлодарского эксплуатационного депо Евгений Дудко – участники войны в Афганистане. Мужчины поделились своими воспоминаниями о тех тяжелых временах.**

НАМ НЕ БЫЛО И ДВАДЦАТИ…

Владимир Захарюта начал нести боевую вахту в этой стране с 19 лет. Правда, в Афганистане он пробыл полгода, но это время навсегда и неизгладимо врезалось в память мужчины. Владимира и его товарищей из Ташкента самолетом доставили в Кабул, а дальше перекинули в город Баграм, находящийся в 60 километрах к северо-западу от Кабула в афганской провинции Парван.

– В 1985 году ушел в армию. Долг Родине отдавал в Украине. Весной 1986 года нас известили о том, что отправят в Афганистан. Мне тогда было неполных 19 лет, – рассказывает Владимир Юрьевич. – Помню ужасную жару, страх перед неизвестностью. В то же время впечатлили горы тех мест. Сначала прошли краткосрочную учебу в зенитно-ракетном комплексе «Оса», потом несли боевое дежурство. Мы не участвовали в боевых действиях. Через полгода по приказу Михаила Горбачева состоялся вывод советских войск из Афганистана.

Владимир Захарюта продолжил армейскую службу в Узбекистане заместителем начальника расчета в звании младшего сержанта, после демобилизовался. С 2001 года начал работать в Павлодарском отделении ГП и с тех пор тесно связан с железнодорожной отраслью. О чем не сожалел ни дня.

– Меня с юности тянуло на флот, но не получилось. Зато некоторое время трудился на Павлодарском судоремонтном заводе. Сейчас с нетерпением жду заслуженного отдыха, – говорит он. – Будни на стальной магистрали проходят быстро, но интересно. В предприятии не забывают о нас, поздравляют. В этом году исполнилось 30 лет со дня окончания вывода советских войск из Афганистана.

Наш собеседник – член общественного объединения «Союз ветеранов и инвалидов Афганской войны и локальных войн» Павлодарской области. Сегодня организация проводит большую работу по военно-патриотическому воспитанию молодого поколения – организовывают лекции и уроки мужества в школах города.

– Родину нужно защищать, но этот конфликт носил политический характер, нужен был тем, кто сидел у власти. Столько молодых ребят погибло! Поэтому сегодня надо учить подрастающее поколение правильным понятиям о жизни, любви к Родине, патриотизму, – резюмирует Владимир Юрьевич.

ЧТОБЫ ПОМНИЛИ…

Евгению Дудко тоже было 19 лет, когда его отправили в город Кундуз, расположенный на севере Афганистана. В 1980 году он окончил городское профессиональное техническое училище по специальности «помощник машиниста». Некоторое время работал на железной дороге, потом призвали служить в армию. На афганскую землю Евгений ступил в декабре 1981-го. До этого молодые солдаты прошли обучение в одном из южных городов Советского союза Кушка.

– Три месяца учились на минометчиков. Нам сразу сказали, что готовят для Афганистана, – рассказывает мужчина. – Люди там жили очень бедно, ходили в галошах в холодный сезон. Поразило то, что они вспахивали землю деревянной сохой на быках. Такое мы видели только в учебниках по истории. В первый день выезда из гарнизона наша колонна попала под обстрел – нас уже «ждали». После боя сообщили, что 32 моджахеда погибли и еще 28 ранены. Наш второй батальон практически каждый день выезжал на боевые операции. Там я пробыл с 1981 по 1983 год. 4 января 1984 года отправили домой.

Евгений Дудко считает, что защищать Родину от захватчиков нужно всегда, но лучше, когда все страны и нации живут в мире и согласии. Последствия войны очень трудно принять и пережить. В то время бойцы не задавались вопросом, правильно это или нет, да и никто не спрашивал у них, они были уверены, что выполняли свой долг перед родной страной.

– В первом бою погиб водитель. Смерть видели каждый день. Всегда обстреливали и обстреливались. Кого-то ранили, на глазах подрывались ребята, – вспоминает те страшные дни Евгений Дудко. – Но о тех молодых, храбрых парнях надо помнить. Они – яркий пример мужества. Сегодня испытываю смешанные чувства. Мы защищали Родину, нам сказали, десkать, если не мы, то американские войска захватят южные границы. Но лучше было бы, если бы та война и не начиналась вовсе.

После Афганистана Евгений Дудко вернулся в родной город Павлодар и продолжил трудиться помощником машиниста в эксплуатационном депо. Признается, что всегда тянулся к технике. Сейчас он находится на отраслевом пособии по достижению возраста. Все свое свободное время посвящает воспитанию троих любимых внуков.

**Айдана ЕРТАЙ**

*Фото автора*

# ПОСВЯЩЕН ВЕЛИКОЙ ДАТЕ

В Костанае состоялся фестиваль военной песни, организованный железнодорожниками Костанайского региона и приуроченный ко Дню Победы.

Подобный фестиваль костанайскими железнодорожниками проводится впервые, однако обещает стать традиционным. Талантов среди работников компании много, и именно они выступали на сцене фестиваля, представляя зрителям песни военных лет.

В зале присутствовали двое ветеранов, участников войны, после всю жизнь трудившихся на железной дороге – их зал почтил вставанием. Кроме них зрительный зал был переполнен пенсионерами-железнодорожниками и нынешними работниками компании, которые пришли отдать день великой дате и послушать военные песни в исполнении коллег. И стоит отметить, что уровень исполнения песен железнодорожниками был на очень высоком, можно прямо сказать, профессиональном уровне.

Открывая фестиваль, директор филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Вячеслав Миронов сказал:

– Мы помним и чтим эту дату. Поздравляю наших дорогих ветеранов, и с праздником Победы всех вас!

Директор Костанайского отделения магистральной сети Булат Баймагамбетов в свою очередь добавил:

– Дорогие ветераны войны, труда, коллеги! В преддверии Дня Победы, которую нам подарили наши отцы, деды, этот конкурс очень своевременный и нужный. Хочу всех поздравить с праздником, и особенно ветеранов. Низкий вам поклон!

Ни одна из песен не оставила зрителей равнодушными, они действительно стали подарком для присутствующих. Костанайские железнодорожники – участники Великой Отечественной войны – получили от компании памятные подарки в честь Дня Победы.

**Аслан КУДАБАЕВ**, *Костанай*

# ЕМУ ЧУДОМ УДАЛОСЬ УЦЕЛЕТЬ

Более 15 лет в Балхашском эксплуатационном локомотивном депо трудится воин-интернационалист Мурат Аязбаев. Все знают Мурата как добросовестного сотрудника, улыбчивого и доброжелательного коллегу. Однако в коллективе не все знают, что пришлось пережить их товарищу много лет назад.

**Светалана МОГАЙ,**
*Караганда*



Свою заслуженную награду к 20-летию вывода войск из Афганистана машинист Мурат Аязбаев получил намного позже своих сослуживцев. Медаль за мужество и отвагу воину-интернационалисту в красном уголке депо вручил председатель ОО «Боевое братство». Как выяснилось, в Кабул Мурат призывался с российской территории, в связи с чем награда так долго искала своего героя.

В 80-х годах парнишка из поселка Саяк Карагандинской области после окончания десятилетки отправился на учебу в Москву, где поступил в строительное училище. Однако во время учебы юношу преследовала мечта служить в десантных войсках, а чтобы приблизить свою цель, парнишка усиленно занимался спортом, где делал упор на каратэ и тяжелую атлетику. Мурат преуспел как в восточных единоборствах, так и в поднятии штанги. В обоих видах спорта он стал обладателем первых разрядов. Во время учебы в училище подрабатывал тренером. Получил диплом столяра-ракетника. Казалось, цель наконец-то достигнута! Однако посовещавшись, эскулапы не дали разрешение на службу в ДВД из-за того, что Мурат был невысокого роста. В 1984 году его направили на обучение в медсанбат. На протяжении полугода новобранцам прививали навыки оказания первой медицинской помощи. Затем их распределили в разные точки страны. Мурат Аязбаев попал в Кабул в 317-й полк. Отважный паренек всегда добровольно просился в разведку. По словам Мурата, коль он попал в горячую точку, то должен был находиться в первых рядах.

Так юноша из Казахстана стал служить в разведроте Героя Советского Союза Александра Мироненко. По сей день в памяти воина-интернационалиста свежи воспоминания о страшных днях, проведенных в Афганистане. Ему как санитару денно и нощно приходилось выносить раненых и погибших товарищей с поля боя. До сих пор перед глазами лица солдат, которых он загружал в так называемые груз-200 – цинковые гробы. В них погибших из горячей точки везут родственникам. В армейском альбоме Мурата сохранились снимки ребят, причем многие лица обрамлены в черные рамки. Мурат Аязбаев всегда носил с собой фотоаппарат. Даже во время кровопролитных битв он умудрялся делать эксклюзивные для нашего времени снимки.

Ему чудом удалось уцелеть. В 1986 году вернулся в родной поселок. Практически сразу же открыл в Саяке спортивно-патриотический клуб «Афганец», где готовил будущих новобранцев к службе в армии. Спустя некоторое время Мурат Аязбаев переехал в Балхаш. Но и на новом месте воин-интернационалист обучал местных ребят приемам самообороны. Многие из его воспитанников трудятся в правоохранительных структурах. Они безмерно благодарны своему наставнику, научившему их стойко переносить жизненные трудности и невзгоды.

*Фото автора*

# ЮРИЙ ВЛАДИМИРОВИЧ ПАНОВ



**3 мая 2019 года ушел из жизни Юрий Владимирович Панов, внесший весомый вклад в развитие транспортной отрасли Казахстана.**

Юрий Владимирович Панов родился 11 октября 1936 году на станции Татарская Новосибирской области. После окончания Новосибирского института инженеров железнодорожного транспорта трудовую деятельность начал инженером технического отдела в службе движения Управления Казахской железной дороги. В последующие годы был назначен главным инженером.

В период с 1981 по 1991 годы работал начальником Западно-Казахстанской железной дороги. С 1991-го возглавлял департамент железнодорожного транспорта и был заместителем министра транспорта РК.

С момента образования и до конца 1997 года Юрий Владимирович являлся членом Совета по железнодорожному транспорту государств содружества, созданного в феврале 1992 года и принимал активное участие в его работе, представлял и отстаивал интересы железной дороги.

Юрия Владимировича всегда отличали инициативность, настойчивость, принципиальность.

Он останется в нашей памяти настоящим профессионалом, мудрым наставником, готовым прийти на помощь в любой ситуации.

Выражаем искренние, глубокие соболезнования родным и близким Юрия Владимировича Панова.

**Руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы»**

NUR MEDIA
ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

«Нұр-Медиа» ЖШС Бас директоры
**Әлия БӨРИЕВА**

Бас редактор
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30 «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 18348
Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нұр-Медиа» ЖШС айналысады
® Жарнама. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Кезекші редакторлар: **С. Бакесова, А. Шайхынова**

**Меншікті тілшілер:**
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Жасұлан Сейілханов 8-775-573-23-53
Маңғыстау: Әсел Таңатарова 8-708-536-53-15
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Кокшетау: Сауле Кусаинова 8-701-738-96-70

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru
Жарнама жөніндегі менеджер Жанель Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.

МУЗЕЙ

# ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ

Гордостью Центрального музея железнодорожного транспорта Казахстана является зал, посвященный воинам Великой Отечественной войны и участникам трудового фронта, где горит вечный огонь. Здесь красочно оформ-лена военно-историческая экспозиция, запечатлевшая хронику военного лихолетья.




На протяжении всего существования сотрудники музея непрерывно поддерживают связь с республиканскими архивами и музеями, у которых были приобретены фотоматериалы, видеофильмы, уникальные документы и другие исторические редкости.

Основатель музея, ветеран Бейсен Шормаков до сих пор работает в этом направлении. О его способностях и одаренности можно много рассказывать. Именно он стоял у истоков становления музейного фонда. Являясь членом Ассоциации музеев города, создал и воплотил в реальность уникальное детище с ярким колоритом, фантазией и творческой мыслью. Здесь собраны уникальные вещи, а поисковая работа является главной составляющей комплектования музейного фонда. В настоящее время его дело продолжает Гульнара Шормакова, которую можно назвать тонкой, творческой личностью.

– Каждый экспонат, фотоальбом, воспоминание ветеранов – яркое повествование хроники военного периода, – говорит Гульнара Шормакова. Хорошо отражена роль железнодорожников Казахстана в военные годы, перед которыми стояла задача бесперебойно снабжать армию всем необходимым, быстро продвигать поезда с войсками, военными и оборонными грузами, обеспечить транспортом предприятия, учреждения, эвакуированные в Казахстан и республики Средней Азии.

Только в Алма-Ате принято и размещено несколько десятков заводов, фабрик и крупных цехов. Каждый коллектив предприятия железнодорожного транспорта считал своим долгом внести в общенародное дело что-то новое и полезное. По приказу Наркомата путей сообщения, с 24 июня 1941 года был введен воинский график движения поездов. Ничего не меняя в техническом оснащении дороги, было принято решение пропускать через нее гораздо большее количество оборонных грузов. Прежде всего, сократили до минимума количество пассажирских поездов дальнего и пригородного сообщения. Унифицировали размеры грузовых составов, сократили время их прохождения по перегонам и остановки по техническим нуждам, исключили обгон – и поезда пошли сплошным потоком, заполнив до предела магистральные линии. Все крупные стратегические операции Великой Отечественной войны – под Сталинградом, при прорыве блокады Ленинграда, в битве на Курской дуге, вплоть до взятия Берлина – потребовали подвоза 350-500 тысяч вагонов. Эта огромная работа выпала на долю личного состава колонн паровозов резерва НКПС. И когда над рейхстагом водрузилось Знамя Победы, в Берлин пришли паровозы ОРКП-34, общий пробег которых составил около 2 миллионов 600 тысяч километров. Ими провезено 3 миллиона тонн военных грузов.

Не стерта из памяти первая женщина-казашка – машинист депо Пишпек Забира Жусупова, которая доставляла военные грузы в огневые точки фронта.

Впечатляет стенд, посвященный 28 героям-панфиловцам, в память о славных сыновьях Казахстана на разъезде Дубосекова стоит мемориальный комплекс, где народ увековечил подвиг 28 панфиловцев. В числе воинов-панфиловцев были и железнодорожники с Туркестано-Сибирской железной дороги. Герой Советского Союза Иван Шапшаев, Галел Вильданов, Исмухан Таймасов, Миспах Иманбеков, Мусахан Алимжанов – эти имена вошли в историческое наследие дороги.

Красными буквами в историческую летопись внесены имена участников Великой Отечественной войны и Трудового фронта Алматинского отделения дороги: герой Советского Союза Иван Косенков, Станислав Соколов, Шамиль Шарипов, Мавлиха Курбангалиева, Николай Середенко, Рымбек Турганбаев, Александр Шокарев и многие другие.

Масштабность охвата этого исторического периода, многоплановость и техническая оснащенность военной экспозиции позволяет музею стать уникальным центром пропаганды роли железнодорожного транспорта Казахстана.

**Елена КОЛДАСБАЕВА,** *Алматы*
*Фото автора*

## Құттықтаймыз!

ӘБІЛОВА НӘЗИРА ХАМИТҚЫЗЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ Бухгалтерлік және салықтық есеп департаментінің директоры – бас есепшісі (7 мамыр)*

ЕСПАЕВ МАРАТБЕК ЖАҢАБЕРГЕНҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Павлодар магистральдық желі бөлімшесі» директорының пайдалану жөніндегі бірінші орынбасары (8 мамыр)*

РЫСБЕКОВ МАХМУД ЕРКІНБЕКҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Шымкент магистральдық желі бөлімшесі» Арыс жол дистанциясының бастығы (9 мамыр)*

ОМАРХАНОВ АЛМАС ОМАРХАНҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөніндегі департаменттің директоры (9 мамыр)*

ЖҰРТАНОВ ЖЕҢІСБЕК БИЖІГІТҰЛЫ – *«Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ аппаратының басшысы (9 мамыр)*

СӘМБЕТОВ ҚАЛТАЙ СӘМБЕТҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшесі (10 мамыр)*

САРҚЫНШАҚОВ ӘБИ САРҚЫНШАҚҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ Консультативтік кеңесінің мүшесі (11 мамыр)*

БАЙТУРОВ АСХАТ АНАТОЛЬЕВИЧ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» Жаңа-Есіл жол дистанциясының бастығы (11 мамыр)*

БЕКЖАНОВ ДАНИЯР АМАНГЕЛДІҰЛЫ – *«ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі» Қарағанды белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы (12 мамыр)*

ИБРАЕВ МАРАТ ОМАРҰЛЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «Қарағанды ЖТ бөлімшесі» директоры (12 мамыр)*

ӨТЕМҰРАТОВА МАЙЯ МАЖИТҚЫЗЫ – *«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалы – «С.Сейфуллин атындағы санаторий-профилакторий» директоры (12 мамыр)*

РАХМЕТОВА РАЙХАН БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – *«Қазақстан теміржолшысы» газетінің тілшісі (13 мамыр)*



# ӘКЕМ, ШЕШЕМ ЖӘНЕ МЕН

Жуырда 14 аймақтан келген 45 теміржолшы отбасы Шымкент қаласында бас қосты. «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің «ҚТЖ-Жүк тасымалы» филиалы ұйымдастырған спорттық шара мақсаты – биылғы Жастар жылына орай жас отбасыларды қолдау, бала мен ата-ананың қарым-қатынасын нығайтып, отбасы құндылығын арттыру.

Шырайлы қаланың шет жағындағы демалыс орнына жиналған отбасылар – ата-аналар мен олардың балалары арасында спорттық ойын түрлерінен жарыс өтті. Жиылғандар «Тұлпар», «Пуля», «Стрела» атты үш командаға бөлініп, өзара сайысты. Әр командада 15 ата-ана, 15 баладан болды.

«Биыл Елбасымыз Жастар жылы деп жариялады. Сол себепті, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ филиалдарынан жас отбасыларды, яғни ата-аналары мен балаларын жинап, Шымкент қаласында спорт жарысын өткізіп отырмыз. Бұл шара, біріншіден, жастар жылына орай өткізілсе, екіншіден, бала мен ата-ана қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған. Үшіншіден, шараға үйде декреттік демалыста отырған аналарды да қатыстырып, олардың көңілін көтеру үшін ұйымдастырдық. Іріктер кезде біз, әрине, осыған дейін де спорттық шараларға белсенді қатысып жүрген отбасыларды таңдадық. Ойынға әр өңірден 45 ата-ана мен 7-10 жас аралығындағы 45 бала іріктелініп алынды. Спорттық шарадан басқа, алда арнайы экскурсиямыз бар. Шымкент мәдени көне қала болғандықтан көрсететін жерлер көп. Оның үстіне, жаңадан ашылған Түркістан облысына да саяхат жасап, тарихи да киелі жерлерді аралатып, өзіміздің кең-байтақ отанымыздың құндылықтарын жас отбасылар мен олардың балаларына таныстыруды мақсат тұтып отырмыз», – деді Орталық аппараттың «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ кәсіподағының бас бухгалтері Айқын Өтегенов.

Айта кетейік, мұндай шара 2017 жылы ЭКСПО халықаралық көрмесіне орай Астана қаласында өткізілсе, 2018 жылы балаларды Алматыда өткен Универсиаданың спорт кешендерімен таныстырған болатын. Шараға теміржолшылардың 9-11 сынып оқитын балалары қатысты.

«Командааралық жарыста «Тұлпар» командасы айқын басымдылықпен жеңіске жетті. Дегенмен, он бес адамнан үш командаға бөлініп, әр өңірден 3 отбасы, 3 бала топтасқан командада ана өңір немесе мына өңір жеңді деуге келмейді, сайып келгенде жарысқа қатысқан 90 адамның бәрі жеңімпаз. Ұйымдастырушылар олардың бәрін әдейі жеке өңірге бөлмей, бір-бірімен араластырып ойнатыпты. Бір-бірімен таныссын, араларсын деген мақсат болған көрінеді.

Шара соңында барлық жеңімпаз ата-аналар мен балаларға бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етілді. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ – Шымкент филиалының кәсіподақ комитеті төрағасы Хайрулла Сәрсенов келген қонақтарға жылы лебізі мен алғысын білдіріп, өз атынан Шымкенттің қызғалдақ бейнесі бар бокалдарын сыйға тарту етті.

Спорттық шарадан соң әр аймақтан келген қонақтар шырайлы қаланың көрікті жерлерін аралады. Атап айтқанда, зообақ, дендробақ, мұражайлар мен Жеңіс саябағы көпшіліктің зор қызығушылығын туғызды. Бұдан кейін Түркістан облысы, Түркістан қаласына бет алып, киелі жерлерді, сан ғасырлық тарихы бар атақты Қожа Ахмет Яссауи кесенесін тамашалап, естелік суреттерге түсті.

Шараға Екібастұз қаласынан келген қонақ Гүлнәр Жүсіпова станцияда жүк қабылдап-тапсырушы болып жұмыс істейді. Ол жарысқа 10 жасар қызы Дилярамен бірге келген. «Шымкент өте әдемі қала екен, бірінші рет келіп тұрмыз. Қала қатты ұнады. Алған әсеріміз тамаша. Табиғаты жылы, жап-жасыл қала», – деп тамсанды Гүлнәр Асқарқызы.

Жас теміржолшы отбасылары естен кетпестей ерекше әсер қалдырған шараны ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізді.

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,** *Шымкент-Түркістан*
*Суретті түсірген автор*

СПОРТ



# НАМ НУЖНА ОДНА ПОБЕДА

**В Уральском отделении ГП развернулись нешуточные бои за призовые места в первенстве по мини-футболу, турнирах по дартсу и настольному теннису, посвященных Дню Победы.**

Самыми спортивными в этот раз оказались команды Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7) и Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧДЭ). В первенстве по мини-футболу приняли участие 8 команд. Игры проходили на стадионе ФК «Акжайык». Все команды показали интересный атакующий футбол, однако призерами стали только три из них. Победителем турнира по праву стала команда ШЧ-7, серебряный призер – Уральская дистанция электроснабжения (ЭЧ), III место заняла команда филиала АО «Транстелеком». Команды награждены дипломами и ценными призами.

В соревнованиях по настольному теннису участие приняли 7 команд, и опять лидировала Уральская дистанция сигнализации и связи – I место по праву занял Гарифулла Кенжигулов, II место досталось Тимуру Кабушеву из Уральского эксплуатационного локомотивного депо, бронзовым призером стал Берик Утегалиев.

Не менее горячо прошел и турнир по дартсу. Здесь выступали смешанные команды, в которых женщины также проявили себя как талантливые спортсмены. Причем сразу два призовых места заняли работники Уральского эксплуатационного вагонного депо: III место – за Гульмирой Шукуровой и Асаном Сулейменовым, победителем турнира стали Яна Сидорова и Дауренбек Ишимов. На II месте – команда административно-управленческого персонала Уральского отделения ГП Жанара Иксебаева и Асет Жалмагамбетов.

Победители обоих турниров также награждены дипломами и ценными призами.

*Марьяна ПЕРВУШИНА, Уральск*
*Фото автора*

# ПЕРВЫЙ, НО НЕ ПОСЛЕДНИЙ

**На станции Кушмурун впервые прошел крупнейший республиканский турнир по греко-римской борьбе среди детей и юношей. Событие такого масштаба в провинциальной глубинке – прежде всего заслуга железнодорожников, ставших основными организаторами данного спортивного мероприятия.**




Для участия в схватках на ковре съехались более ста атлетов практически со всего Казахстана – 14 команд. Состязания длились три дня. Все это время на станции царила праздничная спортивная атмосфера крупного события.

Команду хозяев турнира представляли в основном спортсмены из семей железнодорожников. И им помогали не только родные стены, но и близкие, друзья, пришедшие поддержать, «поболеть» за своих земляков. Всего команде кушмурунцев, по итогам турнира, удалось завоевать 3 золотых, 3 серебряных, 9 бронзовых медалей. Общекомандный же финальный расклад оказался следующим: первое место – команда Костанайского района, на втором месте – хозяева турнира, борцы станции Кушмурун, и на третьем – команда областного центра Костанай.

Кстати, приз «За лучшую технику», продемонстрированную на турнире, получил кушмурунец Александр Летуновский, отец которого работает на железной дороге.

– Мы рады и гордимся, что на нашей станции прошло такое, без преувеличения, крупное спортивное событие, – говорит директор филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Вячеслав Миронов. – Ведь подобные мероприятия не только пропагандируют спорт среди молодежи, но и дают стимул для развития сельской глубинки. Если на селе есть секции, спорт – значит, есть цели и занятия для молодежи, а с ними – и перспектива.

Не будет также преувеличением отметить, что данный турнир состоялся в большей степени благодаря заслуге железнодорожников, компании «ҚТЖ». Подобные турниры будут проводиться на станции Кушмурун и в дальнейшем. А со временем и на других станциях Костанайского региона.

Сами же кушмурунцы утверждают, что уже сегодня они готовы принимать у себя чемпионаты и первенства страны, для чего имеются все условия, в том числе новый спортивный комплекс «Сункар». И, судя по уровню прошедшего мероприятия, это действительно так.

*Аслан КУДАБАЕВ, Костанай*
*Фото автора*

# ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ЖАРЫС

**Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі демалыс күні Жеңіс күні құрметіне жеңіл атлетикадан жарыс өткізді.**

«ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржолшыларының арасында спорттық жарыстар ұйымдастыру – дәстүрге айналған шара. Кешегі өткен шара да соның айғағы. Ақтөбедегі мұнайшылар стадионында өткен жарысқа теміржол мекемелерінен 10 команда қатысуға тілек білдірген.

«Алдымызда келе жатқан Ұлы Жеңіс күніне магистральдық желі бөлімшесінің спорт нұсқаушыларының ұйымдастыруымен жеңіл атлетикадан спорттық шара ұйымдастырылды. Мақсат – жұмысшылар арасында ауызбіршілікті нығайту мен салауатты өмір салтын ұстануға үндеу. ҚТЖ құрама командасының арасында мықты спортшылар аз емес. Шараның соңы «Никотинге дәрумен» акциясымен жалғасты. Акция елордадан басталып, эстафетаны жалғастыруда. Бізден кейін Шалқар және Ақтөбе әскери күзет мекемесі өткізді», – дейді спорт нұсқаушысы Нұргүл Батырхан.




Спорттық бәсекеде НЖС-11 командасының желаяқтары бас жүлдені еншіледі. Ал бас есептеу орталығы мен Жолаушы вагондарын жөндеу мекемесінің командалары одан кейінгі жүлделі орындарды бөлісті. Жекелеген жарыстарда 1000 метрге жүгіруден Никельтау станциясының маманы Айбек Жолдыбай жеңіске жетті. 500 метр қашықтықта бас есептеу орталығынан Нұрлыбек Сүйінов пен вагон сервис мекемесінен Ақпатша Сариева жеңіске жетті. Ал 300 метр қашықтыққа жүгіруден әйелдер арасынан ардагер теміржолшы Гүлшат Бижановаға жететін жан болмады.

*Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе*
*Суретті түсірген автор*

**В ДЕПАРТАМЕНТЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «ҚТЖ» ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА РАБОТАЕТ ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ 60-63-08**